

# **ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

**«Түркістан облысының 2023 жылдың бюджетін жоспарлаудың тиімділігі мен негізділігі және облыстың 2021-2025 жылдарға арналған Даму жоспарының іске асырылуын бағалау, сондай-ақ Түркістан облысының экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының жекелеген бюджеттік бағдарламаларын жоспарлау және атқару кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелері бойынша  
АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**

**ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ  
2024 ЖЫЛ**

## **МАЗМҰНЫ**

### **I. Кіріспе бөлік**

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

### **II. Негізгі (талдамалық) бөлік**

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

### **III. Қорытынды бөлік**

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

## **I. Кіріспе**

**1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы:** Түркістан облысының 2023 жылдың бюджетін жоспарлаудың тиімділігі мен негізділігі және облыстың 2021-2025 жылдарға арналған Даму жоспарының іске асырылуын бағалау, сондай-ақ Түркістан облысының экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының жекелеген бюджеттік бағдарламаларын жоспарлау және атқару кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы.

### **1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:**

Түркістан облысының 2023 жылдың бюджетін жоспарлаудың тиімділігі мен негізділігі, облыстың 2021-2025 жылдарға арналған Даму жоспарының іске асырылуын бағалау және Түркістан облысының экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының жекелеген бюджеттік бағдарламаларын жоспарлау және атқару кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы.

### **1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері:**

«Түркістан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

**1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 01.01.2023 – 31.12.2023 жыл (қажет болған жағдайда басқа да кезеңдер).

## **II. Негізгі (талдамалық) бөлік:**

### **2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:**

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2024 жылға арналған тізбесіне сәйкес «Түркістан облысының 2023 жылдың бюджетін жоспарлаудың тиімділігі мен негізділігі және облыстың 2021-2025 жылдарға арналған Даму жоспарының іске асырылуын бағалау, сондай-ақ Түркістан облысының экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының жекелеген бюджеттік бағдарламаларын жоспарлау және атқару кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы» сыртқы мемлекеттік аудит іс-шарасы, 2024 жылдың 11 наурызы мен 15 сәуірі аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен «Түркістан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – *Басқарма*) қамтылды.

Басқарма, Қазақстан Республикасының Түркістан облысы аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық, экономикалық және бюджеттік салаларда басшылық жүргізетін мемлекеттік органы болып табылады.

Басқарманың ведомстволары жоқ.

Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ мекеменің Ережесіне сәйкес жүзеге асырады.

Басқарма Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік

берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

Басқарма өз құзіретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіпте басқарма басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

Басқарманың мақсаттары – облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру, облыстың әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары негізінде бюджеттік саясатты жүзеге асыру және өңірлік даму саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

### ***Облыстың негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері.***

Түркістан облысында 3 облыстық маңызы бар қала, 14 аудан (*оның ішінде 4 аудандық маңызы бар қала*), 174 ауылдық округ, 824 ауылдық елді мекен бар. 2023 жылдың 01 желтоқсаны жағдайы бойынша облыс халқы 2 140,9 мың адамды (халықтың орташа тығыздығы аумақтың 1 шаршы шақырымға 18,25 адам) құрап, 2023 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда 21,7 мың адамға өскен.

Тарихи туризмнің алтын бесігі болған Түркістан қаласы ежелден рухани астана болып саналған отандық және шетелдік туристер арасында өте танымал, жылына миллионнан астам туристерді қабылдай алады.

Аймақ пайдалы қазбаларға бай: барит, көмір, темір және полиметалл кендері, бентонит саздары, вермикулит, тальк, әктас, гранит, мәрмәр, гипс, кварц құмдары бар. Уран қоры бойынша облыс бірінші орында, фосфориттер мен темір кендері бойынша Республика бойынша үшінші орында.

2023 жылы облыста 1 001,0 млрд. теңгеге өнеркәсіп өнімі өндірілген, нақты көлем индексі 2022 жылдың сәйкес кезеңіне - 102,5% құраған.

2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағаларда (алдын ала деректер бойынша) 1 000 977,2 млн теңгені құраған, бұл 2022 жылдың тиісті деңгейінен 2,5% артқан. Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда өндіріс көлемі 2%, сумен жабдықтау, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызметте – 14,8 % төмендеген, ал өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемі 7,9 %, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда – 9,2 % артқан.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 1 158,7 млрд. теңгені құраған, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 % өскен, оның ішінде өсімдік шаруашылығы - 681,7 млрд. теңгені (101,9%), мал шаруашылығы - 469,6 млрд. теңгені құраған (102%).

Облыстың барлық шаруашылық санаттарында 254,2 мың тонна - ет (тірідей салмақта), 781,3 мың тонна - сүт, 255,7 млн. дана – жұмыртқа өндірілген.

2023 жылы облыстың негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 972 031,8 млн теңге болып, 2022 жылдың деңгейімен салыстырғанда 126,1 % құраған.

2023 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында құрылыс жұмыстарының көлемі 407,5 млрд. теңгені, немесе өткен жылдың тиісті кезеңіне 111,1 % құраған. Пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы алаңы 898,9 мың шаршы метрді құрап, өткен жылдың тиісті кезеңінен 4 % ұлғайған.

Денсаулық сақтау желісі 136 - жеке медициналық ұйымдар мен 46 - мемлекеттік ұйымдардан, жалпы 182 денсаулық сақтау мекемелерінен құралады, оның ішінде 34 - аурухана, 720 - амбулаторлы-емханалық мекеме, медициналық пункт, фельдшерлік-амбулаториялық пункт және басқалары.

Жалпы орта білім беру мектептерінің саны – 1032 бірлікті, ондағы оқушылар саны – 519,1 мың адамды құраған. Барлық мектеп – байланыс және интернет жүйелеріне қосылған, 907 мектепте 3 244 интерактивті тақталар орнатылған. Мектептер 87,8 мың бірлік компьютерлік техникамен жабдықталған, немесе 1 компьютерге – 5,9 оқушыдан келеді.

Түркістан облысы бойынша 2023 жылғы желтоқсанды 2022 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда тұтыну бағаларының индексі 110,2% құраған. Азық-түлік тауарларының бағасы – 7,1%, азық-түлік емес тауарлары – 9,5%, халыққа ақылы қызмет көрсету – 18,2% көтерілген. Түркістан облысындағы өнеркәсіп өнімін өндіруші кәсіпорындардың бағалары 2023 жылғы желтоқсанды 2022 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 7,2 % көтерілген.

Бөлшек сауда көлемі 2023 жылғы қаңтар-желтоқсанда 320702,6 млн теңгені немесе 2022 жылғы қаңтар-желтоқсан деңгейіне 109,7 % құраған. Көтерме сауда көлемі 130590,9 млн теңгені немесе 2022 жылдың деңгейіне 110,8 % құраған.

2023 жылғы қаңтар-қарашада Түркістан облысының Еуразиялық экономикалық одақ елдерімен өзара сауда көлемі 735,1 млн. АҚШ долларын немесе 2022 жылғы қаңтар-қараша деңгейіне 132,1% құраған, оның ішінде экспорт тиісінше – 622,8 млн. АҚШ долларын немесе 140,9 %, импорт – 112,3 млн. АҚШ долларын немесе 98,3 % құраған.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Түркістан облысында 17 674 шаруашылық жүргізуші субъект (заңды тұлға) тіркелген, олардың 15 968 жұмыс істеп тұр. Тіркелген заңды тұлғалар ішінде шағын заңды тұлғалар саны (100 адамға дейін) – 17 024, орта заңды тұлғалар (101 ден 250 адамға дейін) – 540, ірі заңды тұлғалар (250 адамнан жоғары) – 110, оның ішінде жұмыс істейтіндер тиісінше – 15 319.

2024 жылғы 1 қаңтарға Түркістан облысының жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 206 855 бірлікті немесе 2023 жылдың тиісті кезеңіне 112,1% құраған.

***Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің және облыстық бюджет шығыстарының жоспарлануы.***

Түркістан облысының бюджеті, облыстық мәслихаттың 2022 жылдың 13 желтоқсанындағы «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы»

№19/232-VII шешімімен бекітілген.

Аталған шешім негізінде 2023 жылға арналған:

- 1) облыстық бюджеттің кірістері 1 186 304 941,0 мың теңге.  
*оның ішінде:*  
Салықтық түсімдер- 58 134 999,0 мың теңге;  
Салықтық емес түсімдер- 6 018 398,0 мың теңге;  
Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер- 15 005 323,0 мың теңге;  
Трансферттер түсімі- 1 107 146 221,0 мың теңге.
- 2) Шығындар – 1 152 445 591,0 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 5 131 623,0 мың теңге,  
*оның ішінде:*  
бюджеттік кредиттер – 18 229 110,0 мың теңге;  
бюджеттік кредиттерді өтеу – 13 097 487,0 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге,  
*оның ішінде:*  
қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;
- 5) бюджет профициты – 28 727 727,0 мың теңге;
- 6) бюджет профицитін пайдалану – -28 727 727,0 мың теңге.

2023 жылғы бюджеттің атқарылуы барысында бюджеттің жалпы түсімдер бөлігіне 22 рет нақтылану мен түзетулер енгізілген, оның ішінде өзіндік кірістер 4 рет нақтыланған.

Нәтижесінде облыстық бюджет түсімдерінің бастапқыда бекітілген көлемі 1 217 631 538,0 мың теңгеден 1 330 025 013,4 мың теңгеге дейін немесе 112 393 475,4 мың теңгеге (109,2%-ға) ұлғайтылса, ал облыстық бюджеттің өзіндік кірістері 79 158 720,0 мың теңгеден 73 787 863,0 мың теңгеге дейін немесе 5 370 857,0 мың теңгеге (6,8%) кеміген.

№1 кесте

**Облыстық бюджеттің кіріс бөлігінде бюджетке түсетін өзіндік кірістерді талдау кестесі**

(мың теңге)

№	Атауы	2022 ылға түзетілген бюджет	2023 жылға түзетілген бюджет	2023 жылды 2022 жылмен салыстырғанда өсуі, кемюі	Өсу, кемюі %	2022 ж.өзіндік кірістердің жалпы көлеміндегі түсімдердің негізгі үлесі, %	2023 ж.өзіндік кірістердің жалпы көлеміндегі түсімдердің негізгі үлесі, %
1	Өзіндік кірістер, барлығы	68 170 719,0	73 787 863,0	5 617 144,0	108,2	100,0	100,0
2	Салықтық түсімдер	53 869 164,0	57 495 271,0	3 626 107,0	106,7	79,0	77,9

3	Салықтық емес түсімдер	14 251 555,0	16 226 311,0	1 974 756,0	<b>113,9</b>	20,9	22,0
4	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	50 000,0	66 281,0	16 281,0	<b>132,6</b>	0,1	0,1

2023 жылы өзіндік кірістердің жоспары 73 787 863,0 мың теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 5 617 144,0 мың теңгеге немесе 108,2%-ға ұлғайған.

Оның ішінде салықтық түсімдердің жалпы көлемі 3 626 107,0 мың теңгеге немесе 106,7%-ға, салықтық емес түсімдер 1 974 756,0 мың теңгеге немесе 113,9%-ға, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 16 281,0 мың теңгеге немесе 132,6%-ға өскен.

2023 жылы облыстық бюджетте өзіндік кірістердің жалпы көлеміндегі түсімдердің негізгі үлесін салықтық түсімдер – 77,9% (2022жылы 79,0%), салықтық емес түсімдер – 22,0% (2022жылы 20,9%) және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,1% (2022жылы 0,1%) құраған.

Жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді жоспарлау барысында ҚР Бюджет кодексінің, Салық кодексінің, ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 21 қаңтардағы «Бюджет түсімдерін болжамдау әдістемесі туралы» №34 бұйрығының, ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының бюджет түсімдер сыныптамасының талаптары басшылыққа алынған.

Түркістан облысы әкімдігінің 2019 жылдың 27 қарашадағы №270 қаулысымен түсім көздеріне жауапты органдар белгіленген.

2023 жылға арналған облыстық бюджет түсімдерінің болжамын қалыптастыру барысында 2022 жылға арналған бюджеттің орындалу жоспарының мәліметтері, еңбек ақы қоры динамикасы, қоршаған ортаға эмиссия көлемі, су ресурстарын, орман пайдаланудың көлемі және жауапты уәкілетті органдардың басқа да мәліметтері ескерілген.

Ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығын жалпы қосылған құн көлемі негізінде жоспарланған.

Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығын, әлеуметтік салығын үш жыл ішіндегі кірістердің жылдық көлемінің өсу қарқыны негізінде жүзеге асырылатын орташа есеппен жоспарланған.

Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығын, Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алымды, Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемді, Орманды пайдаланғаны үшін төлемді, Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлемді және Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақыны инфляция

деңгейіне есепті қаржылық жылдағы іс жүзіндегі түсімдерді индекстеу жолымен жоспарланған.

№2 кесте

**Облыстық бюджет кірістеріндегі өзіндік кірістер үлесінің серпіні.**

млн.теңге

Атауы	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл (01.04.2024 жылғы жағдайына )
<b>КІРІСТЕР</b>	<b>762 619,4</b>	<b>741 272,0</b>	<b>1 030 899,5</b>	<b>1 225 889,5</b>	<b>1 258 488,6</b>	<b>273 042,5</b>
салық түсімдері	18 750,6	26 617,0	36 606,8	55 115,9	57 916,4	15 372,9
салықтан тыс түсімдер	2 858,4	6 814,6	10 822,3	12 394,8	17 205,7	9 879,7
негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер	20,8	80,2	223,2	63,6	66,4	58,9
трансферттердің түсімі	740 989,7	707 760,2	983 247,2	1 158 315,2	1 183 300,1	247 731,0
<b>Жалпы кірістер көлеміне үлесі, %</b>						
- өзіндік кірістер	2,8	4,5	4,6	5,5	6,0	9,3
- трансферттер	97,2	95,5	95,4	94,5	94,0	90,7

Облыстық бюджет кірістеріндегі өзіндік кірістер үлесі оң динамиканы көрсетеді. Бұл облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының ерекшеліктері бөлінісінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне сәйкес, 2023 жылы республикалық бюджеттен кейбір бюджеттік түсімдерді жергілікті деңгейге беруіне (салықтық түсімдерден 3, салықтық емес түсімдерден 2 түрі) байланысты.

Соңғы бес жылда облыстық бюджет кірістеріндегі өзіндік кірістердің үлесі ұлғайып келеді немесе 2019 жылы 21 629,8 млн. теңгені (2,8%), 2020 жылы – 33 511,8 млн. теңгені (4,5%), 2021 жылы – 47 652,3 млн. теңгені (4,6%), 2022 жылы – 67 574,3 млн. теңгені (5,5%), 2023 жылы – 75 188,4 млн. теңге (6,0%), 01.04.2024 жылғы жағдай бойынша – 25 311,5 млн. теңгені (9,3%) құраған.

Сонымен қатар, кірістер мен республикалық бюджеттен түсетін трансферттер көлемін салыстырмалы талдау нәтижесі, табыстың негізгі үлесі (90 пайыздан астам) әлі де республикалық бюджеттен берілетін трансферттерге тиесілі екенін көрсетеді.

Жалпы, әлеуметтік-экономикалық дамуды қаржыландыруға жергілікті бюджетте қаражаттың жетіспеушілігі трансферттер есебінен толықтырылады.

2023 жылға арналған облыстық бюджет 2022 жылдың 13 желтоқсанында облыстық мәслихаттың №19/232-VII шешімімен шығындар көлемі 1 152 445 591,0 мың теңгеге бекітіліп, жыл барысында 4 рет нақтыланған және 18-рет бюджетке түзету енгізіліп, жыл соңына 2023 жылдың



29 желтоқсанындағы №307 қаулысымен 1 240 228 895,4 мың теңге болып түзетілген.

Білім беру басқармасы бойынша 4 рет нақтылау және 2 түзету барысында 3 748 703,0 мың теңгеге қысқартылып, 5 789 362,0 мың теңгеге ұлғайтылған, яғни осы сала бойынша бекітілген бюджетке қысқартылған үлесі 0,6 пайызды, ал ұлғайтылған үлесі 10 пайызды;


Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы бойынша 7 рет өзгерістер жасалынған, оның ішінде 5 нақтылау барысында барлығы 15 395 096,0 мың теңгеге қысқартылып, 32 665 632 мың теңгеге ұлғайтылған, яғни осы сала бойынша бекітілген бюджетке қысқартылған үлесі 20,5 пайызды, ал ұлғайтылған үлесі 43,6 пайызды;

Ауыл шаруашылығы басқармасы бойынша 8 рет өзгеріс жасалынған, оның ішінде 4 рет нақтылау және 4 рет түзету барысында 11 107 184,0 мың теңгеге қысқартылып, 17 279 973,0 мың теңгеге ұлғайтылған, яғни осы сала бойынша бекітілген бюджетке қысқартылған үлесі 17,1 пайызды, ал ұлғайтылған үлесі 26,5 пайызды;

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бойынша 4 рет нақтылау және 4 рет түзету барысында 12 380 805,0 мың теңгеге қысқартылып, 2 693 353,0 мың теңгеге ұлғайтылған, яғни осы сала бойынша бекітілген бюджетке қысқартылған үлесі 19,5 пайызды, ал ұлғайтылған үлесі 4,2 пайызды;

Денсаулық басқармасы бойынша 10 рет нақтылау мен түзету барысында жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша барлығы 1 192 464,1 мың теңгеге қысқартылып, 6 070 791,0 мың теңгеге ұлғайтылған, яғни осы сала бойынша бекітілген бюджетке қысқартылған үлесі 4,6 пайызды, ал ұлғайтылған үлесі 23,2 пайызды құрап отыр.

Ірі көлемде өзгеріс енгізілген басқармалар бойынша бекітілген бюджетке қысқартылған және ұлғайтылған бюджеттің үлесі.



Жоғарыдағы мәліметтерді қорыта келе, қаржыларды қысқартудың негізгі себептері – бірыңғай бюджеттік сыныптамаға өзгеріс енгізілуінен, жұмыс көлемінің болмауынан, сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу конкурсынан, еңбек ақыдан үнемделуден қысқартулар орын алған.

Жалпы талдау нәтижелері көрсеткендей, бюджетті жоспарлау барысында тиісті мониторинг жұмыстарын күшейтіп, бюджетті бекіту барысында бюджеттік бағдарламалардың көрсеткіштерін анығырақ жоспарлау қажет деп есептейміз.

2023 жылы 5 бюджеттік бағдарлама әкімшісінің 6 бюджеттік бағдарламалары бойынша барлығы 37 001 520,0 мың теңге бюджеттік кредиттер жоспарланған.

Соның ішінде 2023 жылы «Дипломмен ауылға» жобасы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №72 бұйрығын негізге ала отырып іске асыру мақсатында қала әкімдіктерінің қажеттілігін ескере отырып, ұсынылған бюджеттік өтінімдері негізінде республикалық бюджеттен 2 685 825,0 мың теңге бюджеттік кредиттер бөлініп, 519 маманды баспанамен қамтамасыз ету жоспарланған (1 маманға 5 175,0 мың теңге, немесе 1 500 АЕК).

Жыл қорытындысымен 2 685 825,0 мың теңгенің 2 571 975,0 мың теңгесі игеріліп, 497 маман баспаналы болған.

Ал 113 850,0 мың теңге игерілмей, төмендегі аудан әкімдіктері тарапынан жол берілген. Атап айтқанда:

- Бәйдібек ауданында жобаға қатысуға өтінім берген 2 маман кредит алуан бас тартуына байланысты 10 350,0 мың теңге;

- Келес ауданында 20 маман сатып алатын тұрғын үйлер бойынша тиісті құжаттардың рәсімделмеуіне байланысты 103 500,0 мың теңге.

Қорыта келе, басқарма тарапынан аудандарға бөлінген мемлекеттік кредиттер бойынша мониторингті күшейтуді ұсынамыз.

Бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен ұсынылған жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың есебінен іске асырылатын жобалардың тиімді жоспарлануына, іске асырылуына жүргізілген жылдық мониторинг нәтижелерін талдау төмендегіні көрсетті.

2023 жылы инвестициялық жобаларды іске асыруға жыл басында 213 999 461,0 мың теңге қаралып, жыл соңында 268 480 899,0 мың теңгені құраған немесе бюджет жыл басынан 1,25 есе ұлғайған. Бұл ретте, республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферті есебінен 13,5% немесе 36 278 349,0 мың теңге, ішкі қарыздар есебінен 5% немесе 13 800 000,0 мың теңге, облыстық бюджет есебінен 30,4% немесе 81 663 816,0 мың теңге, ҚР Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен 50,9% немесе 136 738 724,0 мың теңге Соның ішінде, облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне 64,5% немесе 173 021 903,0 мың теңге және аудан/қала бюджеттеріне 35,5% немесе 95 458 996,0 мың теңге бөлінген.

Жалпы 755 (оның 601-і әлеуметтік нысандар, 21-і кредиттік тұрғын үй, 133-і жобалау-сметалық құжаттамалар (әрі қарай – ЖСҚ)) инвестициялық жобалар іске асыруға жоспарланған.

№9 кесте

ББӘ атауы	2022 жылғы түзетілген жоспар, мың теңге	БИЖ бөлінген қаржының бағытталған үлесі, %	БИЖ саны	оның ішінде (қосымша қаржыландыруды қоспағанда)	
				Құрылыс	ЖСҚ
<b>Барлығы</b>	<b>268 480 899</b>	<b>100</b>	<b>755</b>	<b>622</b>	<b>133</b>
<i>Облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне бөлінгені</i>	<i>173 021 903</i>	<i>64,5</i>	<i>342</i>	<i>214</i>	<i>128</i>
<i>Аудан және қала бюджеттеріне бөлінгені</i>	<i>95 458 996</i>	<i>35,5</i>	<i>413</i>	<i>408</i>	<i>5</i>
<b>Құрылыс басқармасы</b>	<b>181 172 515</b>	<b>67,4</b>	<b>469</b>	<b>346</b>	<b>123</b>
<i>Облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне бөлінгені</i>	<i>153 362 882</i>	<i>57,1</i>	<i>322</i>	<i>199</i>	<i>123</i>
<i>Аудан және қала бюджеттеріне бөлінгені</i>	<i>27 809 633</i>	<i>10,3</i>	<i>147</i>	<i>147</i>	
<b>Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы</b>	<b>70 394 344</b>	<b>26,2</b>	<b>269</b>	<b>264</b>	<b>5</b>
<i>Облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне бөлінгені</i>	<i>5 863 883</i>	<i>2,2</i>	<i>10</i>	<i>10</i>	<i>4</i>

<i>Аудан және қала бюджеттеріне бөлінгені</i>	<i>64 530 461</i>	<i>24,0</i>	<i>259</i>	<i>254</i>	<i>5</i>
<b>Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы</b>	<b>16 914 040</b>	<b>6,4</b>	<b>13</b>	<b>12</b>	<b>0</b>
<i>Облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне бөлінгені</i>	<i>13 795 138</i>	<i>5,1</i>	<i>6</i>	<i>5</i>	<i>1</i>
<i>Аудан және қала бюджеттеріне бөлінгені</i>	<i>3 118 902</i>	<i>1,3</i>	<i>7</i>	<i>7</i>	

Аталған инвестициялық жобалардың басқармалар бойынша орындалуы:

1. Құрылыс саласы бойынша жалпы құны 521 903 461 мың теңгеге 346 бюджеттік инвестициялық жоба және 123 ЖСҚ-ы іске асырылуда, оның ішінде, Ұлттық қор, республикалық, облыстық бюджет және ішкі қарыздар есебінен 2023 жылдың жоспары 181 172 515 мың теңгені құраған.

Инвестициялық жобалардың қаржыландыру жоспарының кассалық атқарылуы 181 058 597 мың теңгені немесе 99,9 % құраған.

Есепті кезеңге арналған жоспарға қарағанда игерілмеген қаржы 113 918 мың теңгені құраған. (48 930 мың теңге жылдың соңғы жұмыс күні аударылған төлем шотқа тіркелген растаушы құжаттардың толық рәсімделмей, төлем кері қайтарылуынан, 64 988 мың теңге мемлекеттік сатып алу конкурстардың қорытындысы анықталмауынан.).

- Есепті кезеңде жоспарланған жалпы құны 143 682 930,0 мың теңгені құрайтын 189 бюджеттік инвестициялық жобаның құрылысы толығымен аяқталған.

Аяқталған бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша мынадай тікелей нәтижелерге қол жеткізілген:

- 1) 7 әкімшілік ғимараты;
- 2) 5000 оқушы орындық 21 мектеп, 14 денсаулық сақтау;
- 3) 57 тұрғын үй, 65 инженерлік инфрақұрылым;
- 4) спорт және туризм 9 нысаны пайдалануға тапсырылған.

2. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласы бойынша Түркістан облысында жалпы құны 222 837 771 мың теңгені құрайтын 264 жоба іске асырылуда.

Бұл жобаларды іске асыруға 2023 жылы 70 394 344,0 мың теңге бөлінген (оның ішінде 36 654 784,0 мың теңге – Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен, 18 815 324 - республикалық бюджеттен, 14 924 236 – облыстық бюджеттен).

2023 жылдың қорытындысымен кассалық атқарылу 70 328 733 мың теңгені құраған.

Игерілмеу сомасы – 65 611,0 мың теңгені құраған (оның ішінде 41 237 мың теңге - атқарылған жұмыс көлемінің болмауынан теңге 24 374 мың теңге - мемлекеттік сатып алудан үнемделген қаржылар).

- Жалпы құны 143 68 930,0 мың теңгені құрайтын 189 бюджеттік инвестициялық жобаны іске асыру толығымен аяқталған.

- Қалған жалпы құны 378 220 531,0 мың теңгені құрайтын 157 бюджеттік инвестициялық жоба 2024 жылға өтпелі.

3. Көлік және коммуникация саласы бойынша облыста жалпы құны 84 251 546 мың теңгені құрайтын 12 жоба іске асырылуда.

Аталған жобаларды іске асыруға 2023 жылы 16 914 040 мың теңге бөлінген. Есепті кезеңге игерілгені 16 913 538 мың теңге немесе 100% құраған. Игерілмеген қаржы көлемі (мемлекеттік сатып алу конкурсы қорытындысы бойынша) 502,0 мың теңге. 2023 жылдың қорытындысымен «жақсы және қанағатты жағдайдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының үлесі» – 93 %-ға артқан.

Жоспарланған көрсеткіш 100% орындалған.

***Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары (әрі қарай – Даму жоспары).***

Облыстың дамуын, оның ерекшелігін ескере отырып, және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес айқындайтын негізгі құжат **облыстың Даму жоспары** болып табылады.

Облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №55/576-VI шешімімен Даму жоспары бекітілген.

Даму жоспарына Түркістан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №7/86-VIII шешімімен өзгерістер енгізілген. Облыстық даму жоспарын түзету белгіленген мерзімде жүзеге асырылған.

Жалпы облыстың даму жоспарының құрылымы ҚР Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы № 93 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесінің *(әрі қарай - №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеме)* талаптарына сәйкес келеді және мынадай бөлімдерді қамтиды:

1) төлқұжат (негізгі сипаттамалар);

2) аумақты дамытудың көзқарасы мен перспективасы;

3) ағымдағы жағдайды талдау;

4) негізгі бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар және оларға қол жеткізу жолдары;

5) қажетті ресурстар.

Бекітілген Даму жоспарында 3 бағыт, 14 мақсат, 128 нысаналы индикатор қарастырылған, оның ішінде:

1) Бірінші бағыт «Өңір экономикасының өсуі» бойынша:

- 1-мақсат «Өңір экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ету және инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдай жасау» - 4 нысаналы индикатор;

- 2-мақсат «ШОБ және өңдеу өнеркәсібін басым дамыту» - 6 нысаналы индикатор;

- 3-мақсат «АӨК салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру» - 22 нысаналы индикатор;

- 4-мақсат «Өңірдің туристік саласын дамыту үшін жағдай жасау» - 5 нысаналы индикатор;

- 5-мақсат «Энергия тиімділігін арттыру және баламалы энергия көздерін дамыту» - 3 нысаналы индикатор.

2) Екінші бағыт «Өмір сүруге ыңғайлы және қауіпсіз аймақ» бойынша:

- 6-мақсат «Өмір сүру үшін қолайлы орта құру және елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту» - 11 нысаналы индикатор;

- 7-мақсат «Қоршаған ортаның сапасын жақсарту және экологиялық мәдениетті қалыптастыру» - 12 нысаналы индикатор;

- 8-мақсат «Мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыру, сондай-ақ цифрландыру есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту» - 5 нысаналы индикатор;

- 9-мақсат «Қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету» - 9 нысаналы индикатор.

3) Үшінші бағыт «Өмірдің жаңа сапасын қамтамасыз ету» бойынша:

- 10-мақсат «Жұмыспен қамтуға тиімді жәрдемдесу және халықтың табысын арттыру» - 9 нысаналы индикатор;

- 11-мақсат «Сапалы және қолжетімді білім беру және мектепке дейінгі тәрбиемен қамтамасыз ету» - 11 нысаналы индикатор;

- 12-мақсат «Денсаулық сақтаудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, спортпен шұғылдануға жағдай жасау» - 19 нысаналы индикатор;

- 13-мақсат «Патриотизмді қалыптастыру және мәдениетті дамыту» - 7 нысаналы индикатор;

- 14-мақсат «Жастардың өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау» - 5 нысаналы индикатор.

Түркістан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №7/86-VIII шешімімен өзгерістер енгізіліп, жаңадан 2 индикатор қосылып, 130 нысаналы индикатор қарастырылған.

*№3 кесте*

**Даму жоспарындағы  
индикаторлардың бағыттар бойынша орындалуы**

Бағыттардың атауы	Барлығы	Орындалғаны	Орындалмағаны	Мерзімі келмегені	Жоспарлы мәні келісілмеген
1 Бағыт - Өңір экономикасының өсуі	42	22	4	15	1
2 Бағыт - «Өмір сүруге ыңғайлы және қауіпсіз аймақ»	37	31	1	3	2
3 Бағыт - Өмірдің жаңа сапасын қамтамасыз ету	51	34	4	12	1

Барлығы:	130	87	9	30	4
----------	-----	----	---	----	---

Есепті кезеңде Даму жоспарында 130 нысаналы индикатор қалыптасқан. 2023 жылдың қорытындысы бойынша 87 (66,9%) индикаторға қол жеткізілген, 30 (23,1%) индикатор бойынша статистикалық есептілік мерзімі келмеген немесе ведомстволық деректер жарияланбаған, 4 (3,1%) индикатор бойынша 2023 жылға жоспарлы мәні қарастырылмаған, 9 (6,9%) индикаторға қол жеткізілмеген.

### **1-Бағыт «Өңір экономикасының өсуі»**

Бағыт бойынша барлығы 42 индикатор, оның ішінде 22 индикаторға қол жеткізілген, 15 индикатор бойынша статистикалық есептілік мерзімі келмеген немесе ведомстволық деректер жарияланбаған, 1 индикатор бойынша 2023 жылға жоспарлы мәні қарастырылмаған, 4 индикаторға қол жеткізілмеген. Атап айтқанда:

- «Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына тартылған инвестициялар көлемі» 19-индикатор бойынша жоспар - 117 561 071,0 мың теңге болса, орындалуы-110 242 039,0 мың теңге болған.

- «Тамақ өнімдерін өндіруге негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі» 20-индикатор бойынша жоспар – 17 675 070,0 мың теңге болса, орындалуы – 15 982 692,0 мың теңге болған.

Іске асыру туралы есеп бойынша осы 2 индикаторлардың орындалмау себептері – жоспарланған кәсіпорындар мен цехтардың іске қосылмауы. Оған қоса, ауыл шаруашылығы басқармасы түсіндірмесі бойынша «әлемде орын алып жатқан геосаяси жағдайлардың күрделілігінен тауарларды тасымалдауларда кедергілер болып, бұл өз кезегінде инвестициялық жобаларды іске асыруға кедергі келтірген».

- «Алма өндірісі» 28-индикатор бойынша жоспар – 102,0 мың тонна болса, нақты 95,8 мың тонна алма өндірілген. Іске асыру туралы есеп бойынша орындалмау себебі – ауа-райының қолайсыз (жел, ыстық, құрғақ) болуынан өнім көлемі төмендеген.

- «Туризм саласына инвестициялар көлемінің өсуін арттыру» 39-индикатор бойынша жоспар – 140,5 млрд. теңге болса, нақты 53,5 млрд. теңге тартылған. Іске асыру туралы есеп бойынша орындалмау себебі – «Ташкент-Түркістан» бағытындағы темір жолдың жүзеге асырылмауынан орын алған. Аталған жоба бойынша 2023 жылға тартылған инвестиция көлемі 113,0 млрд. теңге құрауы жоспарланған.

### **2-Бағыт. «Өмір сүруге ыңғайлы және қауіпсіз аймақ»**

Бағыт бойынша барлығы 37 индикатор, оның ішінде 31 индикаторға қол жеткізілген, 3 индикатор бойынша статистикалық есептілік мерзімі келмеген немесе ведомстволық деректер жарияланбаған, 2 индикатор бойынша 2023 жылға жоспарлы мәні қарастырылмаған, 1 индикаторға қол жеткізілмеген. Атап айтқанда:

- «Цифрлық стандартқа (үлгілік сәулет, эталондық стандарт) сәйкес келетін әкімдіктердің үлесі» 70-индикатор бойынша жоспар - 60% болса,

орындалуы - 46% болған. Орындалмау себебі – Түркістан қаласы бойынша тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (ТКШ), экология, көлік және логистика, жол инфрақұрылымы және т.б. салалар бойынша көрсеткіштер төмен деңгейде болуынан орын алған. Атап айтқанда, ТКШ, экология және жол инфрақұрылымы салалары бойынша қаржы тиісті деңгейде қарастырылмаған болса, көлік және логистика саласы бойынша жолақысын электронды төлеу жүйесі үшін облыста дифференциалды тариф бекітілмегендіктен төмен көрсеткіш болған.

### **3-Бағыт. «Өмірдің жаңа сапасын қамтамасыз ету»**

Бағыт бойынша барлығы 51 индикатор, оның ішінде 34 индикаторға қол жеткізілген, 12 индикатор бойынша статистикалық есептілік мерзімі келмеген немесе ведомстволық деректер жарияланбаған, 1 индикатор бойынша 2023 жылға жоспарлы мәні қарастырылмаған, 4 индикаторға қол жеткізілмеген. Атап айтқанда:

- «Электрондық нысанда тіркелген еңбек шарттарының үлесі» 87-индикатор бойынша жоспар - 95% болса, орындалуы – 91,2% болған. Іске асыру туралы есеп бойынша орындалмау себебі – жылдың басында жоспардың бекітілмеуі, Енбек.kz порталындағы жылдық жоспардың өзгеріп отыруына байланысты және аудан қала әкімдіктері кәсіпкерлердің мекен жайларын табалмауының әсерінен жоспар орындалмаған.

- «PISA тестінің нәтижесі бойынша мектепте білім беру сапасын бағалау (ЭЫДҰ есебі)» 89-индикатор: 89.1 математика бойынша жоспар – 412 балл болса, нақты – 389 балл; 89.2. оқу бойынша жоспар 383 балл болса, нақты 347 балл; жаратылыстану бойынша жоспар 376 балл болса, нақты 389 балл болған.

- «Өте тапшы мамандықтар бойынша резидентураның білім беру гранттарының санын ұлғайту» 114-индикатор бойынша жоспар – 102 грант болса, орындалуы – 37 болған. Орындалмау себебі – 2023 жылы жергілікті бюджет есебінен Резидентурада тапшы медициналық мамандықтарды даярлауға облыс әкімінің 60 гранты бөлінген. 12 айда 37 маман грантқа түскен, қалған 23 маман жеткілікті балл жинай алмаған. Қалған 42 маманға облыстық бюджеттің тапшылығына байланысты тиісті қаржы бөлінбеген.

- «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген, тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредиттер алған денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандардың, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары мемлекеттік қызметшілерінің саны» 127-индикатор бойынша жоспар – 519 маман болса, орындалуы – 497 болған. Орындалмау себебі – 2023 жылға «Дипломмен ауылға» жобасы бойынша республикалық бюджеттен 519 маманға бюджеттік кредит ұсынуға – 2 685,8 млн. теңге және аудан бюджеттерінен 1390 маманға көтерме жәрдемақы төлеуге – 479,5 млн. теңге жоспарланған. Жыл қорытындысымен 497 маманға 2572,0 млн. теңге бюджеттік кредит және 1390 маманға 479,5 млн. теңге көтерме жәрдемақы төленген. Бәйдібек ауданында жобаға қатысуға өтінім берген 2 маман кредит алудан бас тартуына байланысты 10,3 млн.теңге, Келес ауданында 20 маман



сатып алатын тұрғын үйлер бойынша тиісті құжаттардың рәсімделмеуіне байланысты 103,5 млн. теңге игерілмеген.

Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына Түркістан облысы әкімінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы №305 қаулысымен түзетулер енгізіліп, жаңа редакцияда бекітілген.

2023 жылы жалпы сомасы 643,7 млрд.теңгеге 178 іс-шара іске асыру жоспарланған. Оның ішінде:

1-бағыт бойынша «Өңір экономикасының өсуі» - 50 іс-шара;

2-бағыт бойынша «Өмір сүруге ыңғайлы және қауіпсіз аймақ» - 60 іс-шара;

3-бағыт бойынша «Өмірдің жаңа сапасын қамтамасыз ету» - 68 іс-шара;

Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру туралы есебіне сәйкес 2023 жылдың қорытындысымен жоспарланған 178 іс-шараның 165 орындалған, 13 орындалмаған, оның ішінде 6 іс-шараның орындалуы өтпелі.

Орындалмаған іс-шараларды атап айтқанда:

1-бағыт бойынша «Өңір экономикасының өсуі» бағыты бойынша **4 іс-шара** орындалмаған.

Шағын орта бизнесті және өңдеу өнеркәсібін басым дамыту мақсатында 2 іс-шаралар орындалмаған:

**1.** 10-нан астам сауда базарларын жаңғырту іс-шарасы бойынша жоспар 5 болса орындалуы 3. Жоспардың орындалмау себебі 2 базардың жөндеу жұмыстары 2024 жылға өтпелі.

**2.** Өңдеу өнеркәсібінде негізгі капиталға салынған инвестициялар жоспары 160,0 млрд.теңге болса орындалуы 117,3 млрд.теңге. Жоспардың орындалмау себебі салалық облыстық өнеркәсіп және кәсіпкерлік басқармасы тиісті министрлікпен жоспарлық мәндерін төмендету бойынша тиісті жұмыстар атқармаған.

Энергия тиімділігін арттыру және баламалы энергия көздерін дамыту мақсатында 2 іс-шара орындалмаған:

**3.** Қуаттылығы 10 МВт Келес ауданынан СЭС салу. «UBS QZ» ЖШС іс-шарасы бойынша жоспар 8,2 МВт болып, құрылыс жұмыстары 2024 жылға өтпелі болуынан.

**4.** Қуаттылығы 3,3 МВт Төлеби ауданынан МГЭС салу. «Аксу-Қуат» ЖШС іс-шарасы бойынша жоспар 1 930,0 млн.теңге жеке инвесторлар есебінен болып, құрылыс жұмыстары 2025 жылға өтпелі болуынан.

2-бағыт бойынша «Өмір сүруге ыңғайлы және қолайлы аймақ» бағыты бойынша **7 іс-шара** орындалмаған.

Тұру үшін қолайлы орта құру және елді мекендердің инфрақұрылымын дамыту мақсатында 1 іс-шара орындалмаған:

**1.** Түркістан қаласындағы халықаралық әуежай әуеайлағы инфрақұрылымының базасында объектілерді кеңейту және олардың құрылысы

іс-шарасы бойынша жоспар 21 115,0 млн.теңге жеке инвестор есебінен болып, құрылыс жұмыстары 2024 жылға өтпелі болуынан.

Қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында 6 іс-шара орындалмаған:

2. Келес ауданы Ақтөбе ауылдық округінің Қызыләскер ауылында «2 автомобильге арналған өрт сөндіру депосының кешені» үлгілік жобасына байланыстырылған өрт сөндіру депосын салу іс-шарасы бойынша 366 млн.теңге жоспарланып техникалық шарттың кеш алынуына байланысты, құрылыс аяқталмаған, яғни 2024 жылға өтпелі.

3. Түркістан қаласында (Түркістан – Шәуілдір тас жолында) «4 автокөлікке арналған өрт сөндіру депосы кешені» үлгілік жобасына байланыстыра отырып, өрт сөндіру депосын салу іс-шарасы бойынша 280 млн.теңге жоспарланып, облыстық бюджеттің мүмкіншілігіне қарай кезең-кезеңімен орындалатын болған.

4. Сарыағаш ауданындағы 14-ӨСБ күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу іс-шарасы бойынша 32,3 млн.теңге жоспарланып, облыстық бюджеттің мүмкіншілігіне қарай кезең-кезеңімен орындалатын болған.

5. Өрт автоцистернасы АЦ-5-40 (4x2) 6 бірлік іс-шарасы бойынша материалдық техникалық базаларға 302,4 млн.теңге жоспарланып, облыстық бюджеттің мүмкіншілігіне қарай кезең-кезеңімен орындалатын болған.

6. Ордабасы ауданы Арыс өзенінің Қараспай су торабының төменгі шегіне Арыс өзеніндегі эрозияға қарсы және су тасқынына қарсы іс-шарасы бойынша 199,9 млн.теңге жоспарланып, облыстық бюджеттің мүмкіншілігіне қарай кезең-кезеңімен орындалатын болған.

7. Сайрам ауданы Қарасу селосындағы «Ақбай-Қарасу» каналын бетондау іс-шарасы бойынша 132,0 млн.теңге жоспарланып, облыстық бюджеттің мүмкіншілігіне қарай кезең-кезеңімен орындалатын болған.

3-бағыт бойынша «Өмірдің жаңа сапасын қамтамасыз ету» бағыты бойынша **2 іс-шара** орындалмаған.

Денсаулық сақтаудың қолжетімділігі мен сапасын арттыру, спортпен шұғылдануға жағдай жасау мақсатында 1 іс-шара орындалмаған:

1. Ауылдық елді мекендерде, оның ішінде тірек және спутниктік ауылдарда фельдшерлік-акушерлік, медициналық пункттер мен дәрігерлік амбулаториялар ашу іс-шарасы бойынша 2 444,9 млн.теңге жоспарланып, нысан құрылысы 2024-2025 жылдарға өтпелі болуына байланысты орындалмаған.

Жастардың өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау мақсатында 1 іс-шара орындалмаған:

2. Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппаратының мемлекеттік қызметшілеріне тұрғын үй салуға және сатып алуға облыстық бюджеттерге кредит беру іс-шарасы бойынша 2 685,8 млн.теңге жоспарланып, 22 маман бойынша аудан әкімдіктері "Отбасы

банк" АҚ-на аударылған кредиттік қаржылардың толық игерілмеуіне және Бәйдібек ауданында жобаға қатысуға өтінім берген 2 маман кредит алудан бас тартуына байланысты орындалмаған.

## **2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері**

Жалпы аудитпен Басқармада 001 «Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» және 005 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламалары бойынша 2023 жылдың 01 қаңтары мен 2023 жылдың 31 желтоқсан аралығындағы кезеңге бөлінген 688 339,0 мың теңге қаржы қамтылды.

Мемлекеттік аудит қорытындысы бойынша облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу және бекіту кезінде 58 391 444,0 мың теңгеге бюджет жүйесінің нәтижелілік, негізділік, тиімділік, жауапкершілік қағидаттарын сақталмағаны анықталды.

Сондай-ақ, жалпы 22 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар және 2 жүйелі кемшіліктер анықталды.

*1. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері тарапынан бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауын талдау кезінде төмендегілер анықталды.*

Жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламасы жергілікті бюджет шығыстарының облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың тиісті даму жоспарында айқындалған мақсаттармен, нысаналы индикаторлармен не мемлекеттік орган туралы ережеде айқындалған өкілеттіктермен өзара байланысты бағытын айқындайды.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бюджеттік бағдарламаны жылжымалы негізде жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірлейді және ол тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштерін, жоспарлы кезеңге жоспарланатын бюджет қаражатының көлемдерін, бюджеттік инвестициялық жобаларға, заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарын қалыптастыруға және (немесе) ұлғайтуға, бюджеттік субсидияларға мәлімделетін шығыстардың экономикалық әсерінің көрсеткіштерін қамтиды.

Бюджет шығыстары мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында белгіленген нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге, яғни «нәтижелерді басқаруға» бағытталуға тиіс.

Тиісінше, бюджеттік бағдарламалардың мақсаттарының, тікелей және түпкілікті нәтижелерінің болмауы, олардың бұлыңғыр болуы, сандық және сапалық көрсеткіштерін, олардың жетістіктерінің нақты күнін (кезеңін) анықтамау немесе дұрыс анықтамау Мемлекеттік орган қызметінің нәтижелерін объективті көрсетуге кері әсер етеді, бюджеттік бағдарламаны іске асырудың сапалық қорытындысын көрсетпейді.

Бұдан басқа, бюджеттің облыстың даму жоспарында және мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге бағдарлануы (өзара байланыстылығы) жоғалады.

Бұл ретте, нәтижелілік, негізділік, тиімділік және жауапкершілік сияқты бюджеттік жүйесінің принциптері бұзылады.

Ал, ҚР Бюджет Кодексінің 3 бабы, 1-тармағының 12-4) тармақшасына сәйкес бюджет қаражатын бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес келмейтін жоспарлау және (немесе) пайдалану - бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау және (немесе) тиімсіз пайдалану болып есептеледі.

**1-тармақ.** Алайда, аудит барысында облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің (*әрі қарай – ББӘ*) бюджеттік бағдарламаларын әзірлеу және бекіту кезінде, яғни:

- Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының 330 891,0 мың теңгеге бекітілген 254 002 бюджеттік бағдарламасында;

- Түркістан облысының денсаулық сақтау басқармасының 255 489,0 мың теңгеге бекітілген 253 037 бюджеттік бағдарламасында;

- Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының 199 095,0 мың теңгеге бекітілген 285 032 бюджеттік бағдарламасында;

- Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасының 12 000,0 мың теңгеге бекітілген 766 073 бюджеттік бағдарламасында;

- Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасының 2 393,0 мың теңгеге бекітілген 766 074 бюджеттік бағдарламасында;

- Түркістан облысының құрылыс басқармасының 57 464 832,0 мың теңгеге бекітілген 271 205 және 12 894,0 мың теңгеге бекітілген 271 016 бюджеттік бағдарламаларында, бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізілуін айқындайтын түпкілікті нәтиже көрсеткішінің болмауына байланысты бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігін бағалау мүмкін емес.

Осылайша, Бюджет кодексінің 4 бабы 6), 9), 12) және 13) тармақшаларында қарастырылған бюджет жүйесінің нәтижелілік, негізділік, тиімділік, жауапкершілік қағидаттарын сақтамау салдарынан 58 277 594,0 мың теңгеге кемшіліктер мен бұзушылықтар анықталды.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жоғарыда белгіленген әкімшілердің бюджеттік бағдарламаларын қарау кезінде кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныстары бар ескертулерді жібермеген және жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен бұзушылықтармен келіскен.

Яғни, Басқарма тарапынан облыстық ББӘ бюджеттік бағдарламаларының жобалары нәтижелер көрсеткіштерін таңдаудың дұрыстығы, нәтижелер көрсеткіштеріне қолжетімділік дәрежесі тұрғысынан қарамаған.

Сонымен қатар, 258 007 «Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша Республикалық бюджеттен берілген кредиттер есебінен 519 маманды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында, ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсынуға 2 685 825,0 мың теңге жоспарланған.

Дегенмен, 519 маманды тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланғанымен нақты 497 маманға бюджеттік кредиттер берілген.

Оның орындалмау себебі, Бәйдібек ауданында «Дипломмен ауылға» жобасына өтінім берген 2 маман бюджеттік кредит алудан бастартуына және Келес ауданында 20 маман сатып алатын тұрғын үйлер бойынша тиісті құжаттарды рәсімделмеуіне байланысты орын алған.

Нәтижесінде тікелей нәтиже көрсеткіші 96 % орындалған. Ал түпкілікті нәтижесінде сала мамандарын 100 пайыз қамтамасыз ету көрсетілгенімен нақты 96 пайызға орындалған.

Түпкілікті нәтиже дегеніміз - мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелерге қол жеткізілуіне негізделген, мемлекеттік органның даму жоспарын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының және (немесе) бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді санмен өлшейтін бюджеттік бағдарлама көрсеткіші болып табылады.

**2-тармақ.** Осылайша, тікелей және түпкі нәтижелерге қол жеткізілмегендігін және 113 850,0 мың теңгеге жыл қорытындысымен игерілмегендігін көрсетіп, ҚР Бюджет кодексінің 4 бабының б), 12) және 13) тармақшаларында қарастырылған бюджет жүйесінің нәтижелілік, тиімділік, жауапкершілік қағидаттарын сақтамау болып табылады.

*2. Сондай-ақ, рәсімдік сипаттағы 22 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.*

*1) Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің және облыстық бюджет шығыстарының жоспарлануы және игеруі процесс кезінде:*

2023 жылға арналған негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің болжамын қалыптастыру барысында 2021 жылға арналған бюджеттің орындалу жоспарының мәліметтері және жауапты уәкілетті органдардың мәліметтері ескерілген.

ҚР Бюджет кодексінің 50 бабының 3-тармағына сәйкес, облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша облыстық бюджетке негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болып табылады.

Сонымен қатар, 301 103 «Азаматтарға пәтерлер сатудан түсетін түсімдер» 100% республикалық маңызы бар қала, астана мен аудан, облыстық маңызы бар қалалардың бюджетіне түседі.

**3-тармақ.** Алайда, 2023 жылы негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер жоспарына 301 103 «Азаматтарға пәтерлер сатудан түсетін түсімдер» бойынша жоспар 15 000 000,0 мың теңгеде бекітіліп, ҚР Бюджет Кодексінің 4 бабы 9) тармақшасының, 50 бабы 3-тармағының және ҚР Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №404 бұйрығымен бекітілген «Бюджет түсімдерін бюджеттер деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты, Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты, Арнаулы мемлекеттік қорының қолма-

қол ақшасының бақылау шоты және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесінің» талаптары сақталмаған.

28.04.2023 жылғы Түркістан облыстық мәслихатының №2/8-VIII шешімімен 301 103 «Азаматтарға пәтерлер сатудан түсетін түсімдер» бойынша түсімдер жоспары 501103 «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу» түсімдеріне ауыстырылып, қалпына келтірілген.

Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидасының *(әрі қарай - Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидасы)* талаптарына сәйкес, бюджеттік инвестициялық жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеуге немесе түзетуге, сондай-ақ жобаларға мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелеріне және концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамасына қажетті сараптамалар жүргізуге, концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеуге бағанытталған бөлінетін бюджеттік бағдарлама бойынша есептеулер олар болған жағдайда өтіп кеткен жоспарлау кезеңі жобаларының орташа құны мен санын талдау негізінде жасалады.

**4-тармақ.** 258 003 «Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 500 000,0 мың теңге жоспарланып, жыл ішінде басқа бағдарлама әкімшілеріне қайта бағыттала отырып толық қысқартылған.

Алайда, аталған бағдарлама бойынша ұсынылған бюджеттік өтінімде өткен жоспарлы кезең жобаларының орташа құны мен санын талдау негізінде есептеулер жасалмаған. Осылайша Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидасының 2, 7 және 50-тармақтарының талаптары сақталмаған.

Сонымен қатар, Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидасының талаптарына сәйкес, жоспарланған шығыстарды негіздеу үшін ағымдағы қаржы жылына арналған қызметтер көрсету, жұмыстар туралы шарттардың көшірмелері беріледі, шарттар болмаған жағдайда сатып алынатын қызметтер мен жұмыстардың әрбір түрі бойынша кем дегенде үш прайс-парақтары берілуі тиіс.

**5-тармақ.** Алайда, 258 001 «Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2023 жылға жасалған бюджеттік өтінімде 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 10 қызметке 226 594,0 мың теңге қаржы жоспарланып, жоспарланған он қызметтің алтауында, яғни 222 530,0 мың теңге қаржыны жоспарлау барысында ағымдағы қаржы жылына арналған қызметтерді көрсету бойынша *(шарттар болмаған жағдайда сатып*

алынатын қызметтер мен жұмыстардың әрбір түрі бойынша кем дегенде үш прайс-парақтары қоса беріледі) құжаттар толық ұсынылмаған.

Осылайша, Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларының 2 және 41-тармақтарының талаптары сақталмаған.

Қазақстан Республикасының бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасына сәйкес, Консалтингтік қызметтерге ақы төлеу 156 ерекшелігінен жоспарлануы тиіс.

**6-тармақ.** Алайда, 2023 жылға жасалған бюджеттік өтінімде консалтингтік қызметке 159 «Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» ерекшелігі бойынша 140 000,0 мың теңге қаржы жоспарланып, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің құрылымының талаптары сақталмаған.

«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» 2015 жылғы 31 қазандағы №379-V Заңының 25 бабының 6-тармағына сәйкес Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік-жекешелік әріптестік (*әрі қарай – МЖӘ*) саласындағы құзыреті шеңберінде МЖӘ шарттарының және жергілікті МЖӘ жобаларының іске асырылу мониторингін жүзеге асыру қарастырылған.

МЖӘ жобаларының іске асырылуын мониторингтеуді тиісті саланың уәкілетті органы, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары МЖӘ шарты күшіне енген сәттен бастап жыл сайынғы негізде жүзеге асырады.

МЖӘ жобаларының іске асырылуын мониторингтеу деген МЖӘ жобасын іске асыру барысы туралы үздіксіз ақпарат жинау, талдау және жинақтау процесін білдіреді.

**7-тармақ.** Алайда, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жергілікті МЖӘ жобаларының іске асырылуын мониторингтеу шеңберінде ұсынылған ақпараттарды МЖӘ дамыту орталығына Қағиданың күші жойылған қосымшасымен қалыптастырып жіберген.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелерінің 248-251-тармақтарының талаптары сақталмаған.

МЖӘ жобаларының іске асырылуын бағалауды жүргізу үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган МЖӘ дамыту орталығын тартады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарына МЖӘ жобаларын іске асыру кезіндегі тәуекелдер бойынша, оның ішінде іске асыру мерзімдері бойынша ұсынымдары бар ақпаратты жібереді.

**8-тармақ.** Алайда, жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган МЖӘ дамыту орталығының бағалау нәтижелерін облыстың жергілікті атқарушы органдарына жібермеген, нәтижесінде МЖӘ жобаларының іске асырылуына бағалау аяқсыз қалған.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелерінің 256-3-тармағының талаптары сақталмаған.

**9-тармақ.** ҚР Бюджет кодексінің 79 бабы 2 тармағының талаптары сақталмай, Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы «2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Түркістан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы» №255 қаулысына мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша мемлекеттік міндеттемелерді, оның ішінде мемлекеттік концессиялық міндеттемелерді жергілікті бюджеттен қаржыландыруды талап ететін, іске асырылуы жоспарланатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының тізбесі қоса берілмеген.

Сонымен қатар, бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтиже көрсеткіші мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелеріне қол жеткізуге негізделіп бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді сандық тұрғыдан өлшейтін көрсеткіштермен айқындалмаған төмендегі бюджеттік бағдарламалар да басқарма тарапынан келісілген. Яғни, ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығының 2-тарау, 8-тармақ, 8 тармақшасының талабы сақталмай төмендегі бұзушылықтар орын алған. Атап айтқанда:

**10-тармақ.** Түркістан облысының «Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 254104 бюджеттік бағдарламасының түпкілікті нәтиже көрсеткіші мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелеріне қол жеткізуге негізделіп бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді сандық тұрғыдан өлшейтін көрсеткіштермен айқындалмаған. Осы бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтиже көрсеткіші «инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу» деп көрсетілген. Яғни көрсеткіш нақты атқарылатын жұмыс (көрсетілетін қызмет) көлемін білдірмейді.

**11-тармақ.** Түркістан облысының «Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасы» мемлекеттік мекемесі бойынша 262032 бюджеттік бағдарламасының түпкілікті нәтиже көрсеткіші мемлекеттік орган қызметінің тікелей нәтижелеріне қол жеткізуге негізделіп бюджеттік бағдарламаның мақсатына қол жеткізуді сандық тұрғыдан өлшейтін көрсеткіштермен айқындалмаған. Осы бюджеттік бағдарламаның түпкілікті нәтиже көрсеткіші «Әртістер, әншілер мен бишілер мәдени-көпшілік іс-шараларын өткізу кезінде концерт алаңдарында ең әдемі түрде ұсынылатын болады» деп көрсетілген.



Яғни көрсеткіш нақты атқарылатын жұмыс (көрсетілетін қызмет) көлемін білдірмейді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган жоғарыда белгіленген әкімшілердің бюджеттік бағдарламаларын қарау кезінде кемшіліктерді жою жөніндегі ұсыныстары бар ескертулерді жібермеген және жоғарыда көрсетілген кемшіліктер мен бұзушылықтармен келіскен.

Яғни, Басқарма тарапынан облыстық бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларының жобалары нәтижелер көрсеткіштерін таңдаудың дұрыстығы, нәтижелер көрсеткіштеріне қолжетімділік дәрежесі тұрғысынан қарамаған.

*2) Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары бойынша.*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің *(әрі қарай - №790 қаулысымен бекітілген МЖЖ)* 159-тармағында «Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының іске асырылу мониторингі және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары жылына бір рет ағымдағы жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірілмей түзетілуі мүмкін» делінсе, №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 269-тармағында «облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыру мониторингінің нәтижелері бойынша МЖЖ 159-тармағына сәйкес ағымдағы жылғы 15 желтоқсанның кешіктірілмейтін мерзімде жылына бір рет түзетілуі мүмкін» делінген.

**12-тармақ.** Алайда, Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына Түркістан облысы әкімінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы №305 қаулысымен түзетулер енгізіліп, жаңа редакцияда бекітілген.

Осылайша, №790 қаулысымен бекітілген МЖЖ-нің 159-тармағының және №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 269-тармағының талаптарын сақтамай, Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын түзету 13 күнге кешіктіріліп, жүзеге асырылған.

Даму жоспарының Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкестігіне жүргізілген талдау, төмендегіні көрсетті.

№93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 4 және 11-тармақтарына сәйкес, МЖЖ құжаттарын әзірлеу екі кезеңнен тұрады - талдау және жоспарлау. Талдау жүргізу үшін тиісті аумақтағы жағдай және ықтимал сыртқы тәуекелдер туралы қолжетімді ақпаратты жинау және құрылымдау жүзеге асырылады.

Тиісті аумақтың жағдайдың дамуын және ықтимал сыртқы тәуекелдерді негізге ала отырып, сондай-ақ өткен кезеңдегі МЖЖ құжаттарының іске асырылу қорытындыларын ескере отырып, талдау жүргізілетін тиісті аумақтың дамуына ықпал ететін сыртқы және ішкі факторлардың тізбелері қалыптастырылады.

№93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 12 және 13-тармақтарына сәйкес, Дамудың сыртқы факторларына мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлік субъектілерінің іс-қимылдарына тәуелді емес және елдің дамуына елеулі ықпал ететін жағдайлар, сондай-ақ қазіргі уақытта және алдағы жоспарлы кезеңде Қазақстан үшін (белгілі бір қызмет саласы/аясы, **тиісті аумақ**) өзекті жаһандық үрдістер жатады.

Дамудың ішкі факторларына сыртқы факторлардың әртүрлі өзгерістерін ескере отырып, МЖЖ құжаты қалыптасатын ресурстар мен әлеует жатады.

**13-тармақ.** Алайда, Басқарма тарапынан облыстың дамуына ықпал ететін сыртқы және ішкі факторлардың тізбелері қалыптастырылмай, №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 4 және 11-тармақтарының талаптары сақталмаған.

№790 қаулымен бекітілген МЖЖ-ның 126-тармағының 5) тармақшасына және №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 130-тармағының 5) тармақшасына сәйкес, облыстың даму жоспарының әзірленген жобасы, күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктер мен қауіптерді талдау ескеріліп, қойылған мақсаттарға қол жеткізудің ықтимал жолдары мен тәсілдерін айқындау талаптарына сәйкес келуге тиіс.

Тиісті аумақтың дамуына ықпал ететін күшті жақтар және тиісті аумақтың дамуын тежейтін және (немесе) оның дамуына теріс әсер ететін әлсіз жақтар тиісті аумақтың дамуының **ішкі аспектілері**, яғни бақылауға жататын аспектілер болып табылады.

Тиісті аумақтың дамуына оң ықпал ететін мүмкіндіктер және сыртқы ортаның сипаттамаларына байланысты және тиісті аумақтың даму ықпалына бағынбайтын оның дамуына теріс ықпал ететін **қатерлер сыртқы аспектілер** болып табылады.

**14-тармақ.** Алайда, даму жоспарын зерделеу кезінде (енгізілген түзетулерді ескере отырып) **сыртқы аспектілер болып табылатын қауіптерді талдаудың жоқтығы** анықталды. Яғни, құжаттың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін ықтимал сыртқы тәуекелдер мен мән-жайларды есепке алынбаған, сондай-ақ олардың туындауының алдын алу үшін, туындаған жағдайда оларды еңсеру үшін не құжатты түзету үшін қабылдануы тиіс шараларды айқындалмаған.

Бұл ретте, №790 қаулымен бекітілген МЖЖ-ның 11-тармағы 5) тармақшасының, 126-тармағы 5) тармақшасының және №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 130-тармағы 5) тармақшасының талаптары сақталмаған.

Сонымен қатар, орталық атқарушы органдардың хаттарына сәйкес Даму жоспарына Түркістан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №7/86-VIII шешімімен 12 нысаналы индикатор бойынша жоспарлы мәндерге өзгерістер енгізілген:

*№4 кесте*

**Жоспарлы мәндерге өзгерістер енгізілген нысаналы индикаторлар**

№	Нысаналы көрсеткіштер	өлшем бірлігі	алдыңғы басылым	жаңа басылым
<b>«Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпіліс» ҰЖ</b>				
1	Қала құрылысы кадастрының цифрлық жоспарлы негізін құру үшін құрылыс салынған аумақтардағы түгенделген жер асты және жер үсті коммуникацияларының үлесі	%/га		
	РБ		2023 ж - 53,8/1301,34 2024 ж - 70/1494,0	2023 ж - 61,28/1301,34 2024 ж - 0
	ЖБ		2023 ж - 66,4/5172,27 2024 ж - 100/12320,53	2023 ж - 97,46/11616,11 2024 ж - 100/816,73
2	Электрондық нысанда тіркелген еңбек шарттарының үлесі	%	2023 ж - 100 2024 ж - 2025 ж -	2023 ж - 95 2024 ж - 97 2025 ж - 100
<b>«Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері» ҰЖ,</b>				
3	Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген, тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредиттер алған денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандардың, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары мемлекеттік қызметшілерінің саны	мамандар саны	2023 ж - 519 2024 ж - 637 2025 ж - 663	2023 ж - 519 2024 ж - 514 2025 ж - 433
4	Қалалардағы ағынды суларды тазарту деңгейі	%		
<b>«Агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2021 – 2025 жылдарға арналған» ҰЖ</b>				

5	Азық-түлік тауарларымен (оның ішінде әлеуметтік маңызы бар) 80 % деңгейінде қамтамасыз етілуі	%	<p><b>2021 ж</b> - Балық- 100 % Шұжық өнімдері - 100 % Ірімшік және сүзбе - 100 % Қант - 80% Құс - 100 %</p> <p><b>2022 ж</b> - Алма- 88% Балық- 100 % Шұжық өнімдері - 100 % Ірімшік және сүзбе - 100 % Қант - 80% Құс - 100 %</p> <p><b>2023 ж</b> - Алма - 100 % Балық - 100 % Шұжық өнімдері - 100 % Ірімшік және сүзбе - 100 % Қант - 80% Құс - 100 %</p> <p><b>2024 ж</b> - Алма – 100 % Балық – 100 % Шұжық өнімдері - 100 % Ірімшік және сүзбе -100 % Қант - 80% Құс – 100 %</p> <p><b>2025 ж</b> - Алма - 100 % Балық - 100 % Шұжық өнімдері - 100 % Ірімшік және сүзбе -100 % Қант - 80% Құс - 100</p>	<p><b>2021 ж</b> - Балық- 15,6 % Шұжық өнімдері - 34,2 % Ірімшік және сүзбе - 32,8 % Құс - 10 %</p> <p><b>2022 ж</b> - Алма- 92,2% Балық- 21 % Шұжық өнімдері - 37,4 % Ірімшік және сүзбе - 45,2% Құс - 10,5 %</p> <p><b>2023 ж</b> - Алма - 95 % Балық - 25 % Шұжық өнімдері - 40 % Ірімшік және сүзбе -50 % Құс - 11 %</p> <p><b>2024 ж</b> - Алма – 100 % Балық – 35 % Шұжық өнімдері - 45 % Ірімшік және сүзбе - 55 % Құс – 13 %</p> <p><b>2025 ж</b> - Алма – 100 % Балық – 40 % Шұжық өнімдері - 50 % Ірімшік және сүзбе - 60 % Құс – 15 %</p>
6	Ірі қара малдың орташа тірідей салмағы	кг	<p>2021 ж - 410 2022 ж - 413 2023 ж - 417 2024 ж - 422 2025 ж - 428</p>	<p>2021 ж - 368 2022 ж - 367 2023 ж - 378 2024 ж - 389 2025 ж - 401</p>
7	Құс етінің өндірісі	мың тонна	<p>2021 ж - 12 2022 ж - 13,1 2023 ж - 15,9 2024 ж - 16,8 2025 ж - 20,5</p>	<p>2021 ж - 11,5 2022 ж - 4,9 2023 ж - 5 2024 ж - 6 2025 ж - 8</p>
8	Балық өндірісі	мың тонна	<p>2021 ж - 30,5 2022 ж - 19,9 2023 ж - 15,3 2024 ж - 13,9 2025 ж - 13</p>	<p>2021 ж - 4,5 2022 ж - 6,1 2023 ж - 7,0 2024 ж - 9,0 2025 ж - 11</p>
9	Алма өндірісі	мың тонна	<p>2021 ж - 114,2 2022 ж - 125,7 2023 ж - 135,7 2024 ж - 142,8 2025 ж - 145,2</p>	<p>2021 ж - 110 2022 ж - 96,3 2023 ж - 102 2024 ж - 107 2025 ж - 115</p>

10	Субсидиялау көлемін өсіру есебінен жоғары сапалы тұқымдарды 1,2 есе ұлғайт	%	2021 ж - 198,8 2022 ж -256,8 2023 ж - 256,8 2024 ж - 256,8 2025 ж - 256,8	2021 ж - 87 2022 ж -32 2023 ж - 30 2024 ж - 30 2025 ж - 30
11	Субсидиялау көлемін өсіру есебінен минералды тыңайтқыштарды 1,4 есе ұлғайту	%	2021 ж - 121,2 2022 ж -170 2023 ж - 156,8 2024 ж - 157,4 2025 ж - 166,2	2021 ж - 53 2022 ж -53 2023 ж - 53 2024 ж - 61 2025 ж - 61
12	Егістікті (сүрі жерлерді) тиімді өңдеуге арналған өсімдіктерді қорғау құралдарын сатып алу шығындарының 50 %-ын субсидиялау	мың га	2021 ж - 29,5 2022 ж - 40,4 2023 ж - 40,4 2024 ж - 80,4 2025 ж - 80,4	2021 ж - 36 2022 ж - 41,5 2023 ж - 43 2024 ж - 45 2025 ж - 45

№93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 213-тармағына сәйкес, нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің сандық мәндерін іске асыру мерзімі өткеннен кейін өзгертуге жол берілмейді. Жоспарлы кезең іске асыру мерзімі өткеннен кейін жоспарлы кезең болып қала береді.

**15-тармақ.** Алайда, жоғарыдағы кестеден көріп тұрғандай, Түркістан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №7/86-VIII шешімімен Даму жоспарындағы 8 нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің сандық мәндері іске асыру мерзімі өткеннен кейін (2021-2022 жылдар) өзгертілген.

Даму жоспарындағы 123 «Латын графикалы әліпбиді пайдаланатын жазбаша коммуникацияға қатысушылардың үлесі («Ұлттық рухани жаңғыру» ҰЖ)» нысаналы индикатор бойынша 2023 жылға – 20 %, 2024 жылға – 30 %, 2025 жылға – 50 % жоспарланған.

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысымен Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы бекітілген.

Тіл саясатын дамыту стратегиялық қағидаттарының бірі латын графикалы жаңа әліпби негізінде тіл реформасын жүзеге асыру болып табылады.

Қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстары қазақ әліпбиі мен емле ережесі тиісті нормативтік құжаттармен бекітілгеннен кейін кезең-кезеңімен іске асырылатын болады.

Ал бүгінгі таңда жаңа қазақ әліпбиі мен емле ережелері тиісті нормативтік құжаттармен бекітілмеген.

**16-тармақ.** Осыған байланысты, Үкімет деңгейінде жетілдірілген жаңа қазақ әліпбиі мен емле ережелері бекітілгенге дейін Даму жоспарынан «Латын графикалы әліпбиді пайдаланатын жазбаша коммуникацияға қатысушылардың үлесі» нысаналы индикаторын алып тастауды жөн деп санаймыз (ақпарат көздері: Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы; Қазақстан Республикасы Премьер-министрі орынбасарының 2021 жылы қыркүйек айындағы №21-01/5457//21-3802-1 тапсырмасы; интернет-ресурстардан алынған ақпараттар

(<https://www.zakon.kz/pravo/6410885>; <https://kz.kursiv.media/2023-04-12/lbsb-llatinicatokaev/>; <https://informburo.kz/novosti/>)).

№790 қаулымен бекітілген МЖЖ-ның 141-тармағына және №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 147-тармағына сәйкес, өңірдің ерекшелігін есепке алу үшін жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша ресми статистикалық ақпарат қалыптастырылмайтын нысаналы индикаторларды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарына енгізген жағдайда жергілікті атқарушы орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен келісу бойынша есептеу әдістемесін әзірлейді және бекітеді.

Жергілікті атқарушы органның бастамасы бойынша енгізілген 4 нысаналы индикатор бойынша (*Жылыжай аумағын ұлғайту, Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің ауыл шаруашылығы айналымына тартылған үлесін ұлғайту, Орналастыру орындарында көрсетілген қызметтер көлемін ұлғайту, Кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шеңберінде әрбір 10 мың тұрғынға кемінде 100 жаңа жұмыс орнын құру*) ақпарат көздері – ведомстволық мәліметтер болып анықталған.

Алайда, Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының 26.02.2024 жылғы №18/398, Түркістан облысының мәдениет және туризм басқармасының 29.02.2024 жылғы 24/372, Түркістан облысының жер қатынастары басқармасының 29.02.2024 жылғы №35/410 және Түркістан облысының ауыл шаруашылығы басқармасының 2024 жылғы 5 наурыздағы №30/769 хаттарымен ұсынылған есептеу методикалар (есептеу жолы) сапасыз әзірленген, немесе нысаналы индикатор мен нәтижелер көрсеткіші бойынша жедел, алдын ала және есептік деректерді қалыптастыру кезеңділігі мен мерзімдері, сонымен қатар нысаналы индикатор мен нәтижелер көрсеткіші бойынша есептік деректерді орналастыру орны болған кезде, веб-сайтқа және ақпараттық жүйеге сілтемені көрсете отырып, есептің/деректердің анықтығына көз жеткізуге мүмкіндік беретін ақпараттық жүйеге сілтемені көрсете отырып, ақпарат көздері, сондай-ақ формула құратын көздері көрсетілмеген.

Ұсынылған есептеу әдістемелерде индикаторлар қалай есептелетіні туралы **жәй түсініктемелер берілген.**

Бекітілген есептеу методикалар басқармалар тарапынан ұсынылмаған (*мысалы: тиісті органдармен келісілген бекіту бойынша бұйрықтың көшірмелері немесе бекітілген әдістемелерінің сканерленген варианттары*).

Ал, Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 29.02.2024 жылғы №22/605 хатына сәйкес «Кәсіпкерлік бастамаларды қолдау шеңберінде әрбір 10 мың тұрғынға кемінде 100 жаңа жұмыс орнын құру» индикатор бойынша нәтижелер көрсеткіштер ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2018 жылғы 19 маусымдағы № 260 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыруға жауапты орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмыс орындарын құруына, жұмыс орындарын құру туралы мәліметтер ұсынуына мониторингті жүзеге асыру қағидаларына сәйкес есептелетіндігі туралы хабарланған.

**17-тармақ.** Осылайша, жауапты облыстық басқармалар №790 қаулысымен бекітілген МЖЖ-ның 141-тармағының және №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 58, 59 және 147-тармақтарының талаптарын сақтамай, қосымша еңгізілген 4 нысаналы индикатор бойынша есептеу әдістемелері Басқармамен келісілмеген және бекітілмеген.

МЖЖ-нің құжаттары төмен тұрған деңгейдегі құжаттарды әзірлеу қажеттілігі мен заңдылығы жоғары деңгейде тұрған құжаттардан туындайтын тұтас жүйе болып табылады, ал жоғары деңгейде тұрған құжаттарды мониторингтеу және бағалау төмен тұрған деңгейдегі құжаттарды іске асыру туралы анық ақпараттың негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының нысаналы индикаторлары мен нәтижелер көрсеткіштері осы иерархияға сүйене отырып декомпозициялануға және айқындалуға тиіс (№790 қаулысымен бекітілген МЖЖ-нің 5 тармағы).

Жоғары тұрған мемлекеттік жоспарлау құжаттарында бар 2023 жылға арналған нысаналы индикаторларды декомпозициялау бойынша төмендегіні көрсетті.

**18-тармақ.** №790 қаулысымен бекітілген МЖЖ-нің 5-тармағының талабы сақталмай, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №728 қаулысымен бекітілген 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобадағы (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Үкіметінің 22.09.2023 жылғы №828 қаулысымен күші жойылған) 4-бағыт «Бәсекелестікті кешенді дамыту» 1-міндет «Баға белгілеудің бұрмалануын жою шеңберінде электр энергетикасы саласындағы нарықтарға қолжетімділікті қамтамасыз ету» бойынша «Тұтынушылар топтары арасында электрмен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді саралаудағы айырмашылықты кезең-кезеңмен қысқарту және алып тастау» (Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша 2023 жылға – 19 %; 2024 жылға – 9%; 2025 жылға – 0%) көрсеткіші, Даму жоспарына қосылмаған.

**19-тармақ.** №790 қаулысымен бекітілген МЖЖ-нің 5-тармағының талабы сақталмай, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №731 қаулысымен бекітілген «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасындағы (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Үкіметінің 22.09.2023 жылғы №828 қаулысымен күші жойылған) II бағыт «Үнемді Қазақстан» 1-міндет «Суды үнемді пайдалану есебінен өнімділікті арттыру» 3-көрсеткіш «Көлемі 1,7 км<sup>3</sup> қосымша су шоғырландыру» облыстық Даму жоспарына қосылғанымен, 2023-2025 жылдар бойынша көрсеткішінің нәтиже мәндері көрсетілмеген.

**20-тармақ.** №790 қаулысымен бекітілген МЖЖ-нің 5-тармағының талабы сақталмай, ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №731 қаулысымен бекітілген «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасындағы (2024 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР Үкіметінің 22.09.2023 жылғы №828 қаулысымен күші жойылған) III бағыт «Табиғат» 4-міндет «Ормандарды сақтау және кеңейту» 1-көрсеткіш «Орман көмкерген аумақты ұлғайту/кеңейту, оның ішінде түрлер мен отырғызу өңірлері бөлінісінде нормативтік жерсінуді қамтамасыз ете отырып, 2 млрд. ағаш отырғызу есебінен» (2023 жылға – 23,7 мың га; 2024 жылға – 32,4 мың га; 2025 жылға – 38,1 мың га) облыстық

Даму жоспарына қосылғанымен (2 бағыт, 7 мақсат, 62 көрсеткіш), 2023-2025 жылдар бойынша көрсеткішінің нәтиже мәндері төмендетілген (2023 жылға – 20,3344 мың га; 2024 жылға – 27,5344 мың га; 2025 жылға – 31,644 мың га).

Іске асыру туралы есепті қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын сақтамау фактілері анықталған. Атап айтқанда:

**21-тармақ.** Даму жоспарын іске асыру туралы есеп, №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 14-қосымшасына сәйкес толтырылмаған. Немесе:

- «Ақпарат көзі» бағанының орнына «Аяқтау нысаны» бағаны қосылған (Нысаналы индикаторлардың жолдарында ақпарат көздерін көрсеткен, іс-шаралардың жолдарында аяқтау нысанын көрсеткен. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылуы туралы есептерді толтыру жөніндегі түсіндірмелердің 4 тармағының б)-тармақшасына сәйкес "Іс-шара" деген жолдар бойынша "Ақпарат көзі" бағаны толтырылмайды);

- «Орындауға жауапты» бағанында нысаналы индикаторлар бойынша облыс әкімінің орынбасарлары деңгейіндегі лауазымды адамдар қосымша көрсетілмеген.

Бұл ретте, Басқарма тарапынан №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 229-тармағының №14 қосымшасындағы Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылуы туралы есептерді толтыру жөніндегі түсіндірмелердің 4-тармақ б) және 7) тармақшаларының талаптары сақталмаған.

**22-тармақ.** Сонымен қатар, Даму жоспары мен Даму жоспарын іске асыру туралы есеп бір-біріне сәйкес келмейтіні анықталды. Яғни, «Орман көмкерген аумақты ұлғайту/кеңейту, оның ішінде түрлер мен отырғызу өңірлері бөлінісінде нормативтік жерсінуді қамтамасыз ете отырып, 2 млрд. ағаш отырғызу есебінен» 62 көрсеткішінің 2023 жылға нәтиже мәні Даму жоспарында 20,3344 мың га болса, Даму жоспарын іске асыру туралы есепте 20,300 мың га болып көрсетілген.

Бұл ретте, №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің №14 қосымшасындағы Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылуы туралы есептерді толтыру жөніндегі түсіндірмелердің 4-тармағының талаптары сақталмаған.

«PISA тестінің нәтижесі бойынша мектепте білім беру сапасын бағалау (ЭБДҰ есебі)» 89-индикатор:

- 89.1 математика бойынша жоспар – 412 балл болса, нақты – 389 балл;  
- 89.2. оқу бойынша жоспар 383 балл болса, нақты 347 балл;  
- жаратылыстану бойынша жоспар 376 балл болса, нақты 389 балл болған.

Іске асыру туралы есептің «Орындалуы туралы ақпарат» деген 11-бағанда «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 17 наурыздағы «Білім алушылардың халықаралық зерттеулерге қатысуының кейбір мәселелері туралы» №103 бұйрығына сәйкес 2022 жылғы 4-29 сәуір аралығында Түркістан облысында PISA-2022 халықаралық



*зерттеуінің негізгі кезені өткізілді. PISA-2022 халықаралық зерттеуіне облыс бойынша 27 білім беру ұйымдары (25-мектеп, 2-колледж) қатысты.» деп ақпарат берілген.*

**23-тармақ.** Алайда, №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің №14 қосымшасындағы Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылуы туралы есептерді толтыру жөніндегі түсіндірмелердің 7-тармағы 13) тармақшасының талабы сақталмай, «Орындалуы туралы ақпарат» деген 11-бағанда көрсеткіштердің нақты және жоспарлы мәндерінің сәйкес келмеу себептері туралы қысқаша ақпарат берілмеген.

Облыстардың даму жоспарларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары – мерзімдерін, орындаушыларын, аяқталу нысанын, оны іске асыруға қажетті шығындарды айқындай отырып, облыстардың **даму жоспарларының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған нақты іс-қимылдар жиынтығы.**

**24-тармақ.** Алайда, Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру туралы есепті талдау төмендегіні көрсетті:

- 3 мақсат «АӨК салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру» бойынша іс-шаралардың толық орындалуына, қаржы толық игерілуіне қарамастан, 3 индикатор бойынша жоспарлы мәндерге қол жеткізілмеген (көрсеткіштер орындалмаған);

- 4 мақсат «Өңірдің туристік саласын дамыту үшін жағдай жасау» бойынша іс-шаралардың толық орындалуына қарамастан, 1 индикатор бойынша жоспарлы мәніне қол жеткізілмеген (көрсеткіш орындалмаған);

- 8 мақсат «Мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыру, сондай-ақ цифрландыру есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту» бойынша іс-шаралардың толық орындалуына қарамастан, 1 индикатор бойынша жоспарлы мәніне қол жеткізілмеген (көрсеткіш орындалмаған);

- 10 мақсат «Жұмыспен қамтуға тиімді жәрдемдесу және халықтың табысын арттыру» бойынша іс-шаралардың толық орындалуына қарамастан, 1 индикатор бойынша жоспарлы мәніне қол жеткізілмеген (көрсеткіш орындалмаған);

- 11 мақсат «Сапалы және қолжетімді білім беру және мектепке дейінгі тәрбиемен қамтамасыз ету» бойынша іс-шаралардың толық орындалуына, қаржы толық игерілуіне қарамастан, 1 индикатор бойынша жоспарлы мәніне қол жеткізілмеген (көрсеткіш орындалмаған).

Бұл іс-шаралар жоспары толық ойластырылмағанын, даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған нақты іс-қимылдардың толық жиынтығын қамтымайтынын көрсетеді, немесе бұл облыстың даму жоспарының толық орындалмауына әкеледі.

Бұл ретте, №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 155-тармағының талабы сақталмаған.

*3. Даму жоспарына түзету тәртібін реттейтін заң нормаларын зерттеу барысында олардың төмендегі 2 жүйелі кемшіліктері (сәйкессіздігі, заңнаманың олқылықтары) анықталды.*

**25-тармақ.** №790 қаулысымен бекітілген МЖЖ-нің 13-тарау, 159-тармағының орысша нұсқасында «**По результатам мониторинга реализации планов развития области, города республиканского значения, столицы и планов мероприятий по их реализации могут подлежать корректировке один раз в год в срок не позднее 15 декабря текущего года**» делінгенімен, осы тармақтың қазақша нұсқасында «Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының іске асырылу **мониторингі** және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары жылына бір рет ағымдағы жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірілмей түзетілуі мүмкін» - деп көрсетілген. Яғни, аудиторлардың пікірінше аталған тармақтың орысша нұсқасы мен қазақша нұсқасы сәйкес келмейді.

Осыған орай, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 13-тарау, 159-тармағының орысша және қазақша нұсқаларын сәйкестендіру ұсынылады.

**26-тармақ.** Сонымен қатар, №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 269-тармағына сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларын іске асыру мониторингінің нәтижелері бойынша МЖЖ 159-тармағына сәйкес ағымдағы жылғы 15 желтоқсаннан кешіктірілмейтін мерзімде жылына бір рет **түзетілуі мүмкін**. Осыған ұқсас норма №790 қаулымен бекітілген МЖЖ-нің 159-тармағында көзделген *(Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының іске асырылу мониторингі және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарлары жылына бір рет ағымдағы жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірілмей түзетілуі мүмкін)*.

Алайда, №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 211-тармағында Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларының және оларды іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарларының іске асырылуын мониторингтеудің нәтижелері бойынша ағымдағы жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірілмейтін мерзімде **жылына бір рет түзетілуге жататыны** көрсетілген.

Бұл орайда №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 211 және 269-тармақтарында көрсетілген нормалары бір-біріне сәйкес келмейтіні анықталуда. Атап айтқанда, 211-тармаққа сәйкес даму жоспары жылына 1 рет ағымдағы жылдың 15 желтоқсанынан кешіктірмей **міндет** түрінде түзетілуге тиіс екендігі туралы талап көзделген болса, 269-тармақта түзетілуі мүмкін делінген **құқық** көзделген.

Осыған орай, ҚР Ұлттық экономика министрлігіне 2021 жылғы 25 қазандағы № 93 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесінің 211 және 269-тармақтарында көрсетілген нормаларды қайта қарау ұсынылады.

### 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе).

Басқарма:

- өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының және мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің басым міндеттерін іске асыру үшін стратегиялық, экономикалық жоспарлау;

- Даму жоспарын және оны жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу, түзету, жүзеге асырылуын мониторинг жүргізу мен есепті дайындау;

- бюджеттік жоспарлау салаларында әкімшілендіру сияқты функцияларды жүзеге асыра отырып, төмендегі нәтижелерге ықпал еткен.

Талдау жүргізілген кезеңде өңірде даму жоспарын, ұлттық жобалар мен мемлекеттік бағдарламалар іс-шараларын дәйекті іске асыру жалғастырылған.

Нәтижесінде өңірде негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің жалпы өсу қарқыны қамтамасыз етілген. Аудит жүргізу кезеңдегі жағдай бойынша Даму жоспарында қарастырылған 130 нысаналы индикатордың 2023 жылдың қорытындысы бойынша 87 (66,9%) индикаторға қол жеткізілген, ал 30 (23,1%) индикатор бойынша статистикалық есептілік мерзімі келмеген немесе ведомстволық деректер жарияланбаған.

Осы кезде, әлемде орын алып жатқан геосаяси жағдайлардың күрделілігінен, ауа-райының қолайсыз болуынан және бірқатар жағдайларда жергілікті атқарушы органдар қабылдайтын даму жоспарын іске асыру жөніндегі шаралардың тиімсіздігінен 9 (6,9%) индикатордың орындалмауына себеп болды. Бұл іс-шаралар жоспарын толық ойластырылуын, даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған нақты іс-қимылдардың толық жиынтығын қамту қажеттігін көрсетеді.

Соңғы бес жылда облыстық бюджет кірістеріндегі өзіндік кірістердің үлесі ұлғайып, оң динамикасы болуда.

2023 жылы облыстық бюджет кірістері 1 258 488,6 млн. теңгені құрап, өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 32 599,1 млн. теңгеге (2,7%) өскен.

Бюджет шығындары алдыңғы жылдардағыдай өңірдің әлеуметтік және экономикалық мәселелерін шешуге бағдарланған, оның ішінде шығындардың ең жоғары үлес салмағы әлеуметтік салаға 64,0% тиесілі (*білім беру 54,3%, денсаулық сақтау 2,5%, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру 4,5%, мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік 2,7%*).

Сонымен қатар шығындардың үлесі: тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық саласына 11,1 %, қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық атқару қызметіне 1,6 %, ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары саласына 5,6 %, өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіне 2,9 %, көлік және коммуникация саласына 3,8 % және басқа да салаларға 11% тиесілі.

Жалпы Басқарманың облыс шегінде жергілікті маңызы бар міндеттерді шешуді қамтамасыз етуін реттеуде әлеуметтік-экономикалық дамуға оң әсерін тигізуде деп бағалаймыз.

### **III. Қорытынды бөлік**

#### **3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар**

Мемлекеттік аудит объектісінде анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтар назарға алынып, мемлекеттік аудит барысында Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудитті жүргізген қызметкерлері тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

#### **3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар**

**1. Көрсеткіш: «Перспективалық» – жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі.**

**«Арнайы көрсеткіш» - Облыстық бюджет кірістері мен шығыстарының жоспарлану негізділігі.**

Түркістан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №254 қаулысы негізінде, бірқатар бағдарлама әкімшілерінің атауы ауысқан немесе бөліп шығару жолымен қайта ұйымдастырылған.

2023 жылға арналған облыстық бюджет 2022 жылдың 13 желтоқсанында облыстық мәслихаттың №19/232-VII шешімімен бекітіліп, жыл барысында 4 рет нақтыланған және 18-рет бюджетке түзету енгізілген.

Аталған шешім негізінде 2023 жылға арналған облыстық бюджеттің кірістері 1 186 304 941,0 мың теңге болып бекітілген. Оның ішінде салықтық түсімдер 58 134 999,0 мың теңге, салықтық емес түсімдер 6 018 398,0 мың теңге, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 15 005 323,0 мың теңге және трансферттер түсімі 1 107 146 221,0 мың теңге.

Облыстық мәслихаттың шешімімен 2023 жылы бюджетке тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, 2023 жылға облыстық бюджеттің кірістер көлемі 1 257 146 651,4 мың теңге болып түзетілген немесе сәйкесінше кірістер 6,0%-ға ұлғайтылған.

Жергілікті бюджетке түсетін түсімдерді жоспарлау барысында Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің, Салық кодексінің, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 21 қаңтардағы «Бюджет түсімдерін болжамдау әдістемесі туралы» №34 бұйрығының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №403 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының бюджет түсімдер сыныптамасының, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі №404 бұйрығының 1-қосымшасы «Бюджет түсімдерін бюджеттер деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты, Жәбірленушілерге өтемақы қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты, Арнаулы мемлекеттік қорының қолма-қол ақшасының бақылау шоты және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесінің» талаптары басшылыққа алынған.

2023 жылға арналған облыстық бюджет түсімдерінің болжамын қалыптастыру барысында 2022 жылға арналған бюджеттің орындалу жоспарының мәліметтері, еңбек ақы қоры динамикасы, қоршаған ортаға эмиссия көлемі, су ресурстарын, орман пайдаланудың көлемі және жауапты уәкілетті органдардың басқа да мәліметтері ескерілген.

2023 жылы өзіндік кірістердің жоспары 73 787 863,0 мың теңгені құрап, 2022 жылмен салыстырғанда 5 617 144,0 мың теңгеге немесе 108,2%-ға ұлғайған.

Оның ішінде салықтық түсімдердің жалпы көлемі 3 626 107,0 мың теңгеге немесе 106,7%-ға, салықтық емес түсімдер 1 974 756,0 мың теңгеге немесе 113,9%-ға, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 16 281,0 мың теңгеге немесе 132,6%-ға өскен.

2023 жылы облыстық бюджетте өзіндік кірістердің жалпы көлеміндегі түсімдердің негізгі үлесін салықтық түсімдер – 77,9% (2022жылы 79,0%), салықтық емес түсімдер – 22,0% (2022жылы 20,9%) және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,1% (2022жылы 0,1%) құрайды.

Дегенмен, Басқарма тарапынан бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыру кезінде облыстың негізгі макроэкономикалық көрсеткіштерінің серпіні, салық төлеушілер санының және жұмыскерлер санының өзгеруіне байланысты өңірлердегі салық әлеуеттерінің өзгеруі, жаңа объектілерді енгізу, өндірістерді жаңадан іске қосу, қолданыстағы өндірістерді кеңейту немесе жабу сияқты жекелеген өзара байланысты және елеулі фактілер кейде толық көлемде ескерілмеген.

Жергілікті бюджеттің салық түсімдерін сапалы жоспарлауға кедергі жасайтын факторларының бірі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мен Мемлекеттік кірістер органдарының өзара іс-қимылының болмауы болып табылады.

Облыстық бюджет кірістеріндегі өзіндік кірістер үлесінің оң динамикасын атап өткен жөн. Бұл облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының ерекшеліктері бөлінісінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне сәйкес, 2023 жылы Республикалық бюджеттен кейбір бюджеттік түсімдерді жергілікті деңгейге беруіне (салықтық түсімдерден 3, салықтық емес түсімдерден 2 түрі) байланысты.

Соңғы бес жылда облыстық бюджет кірістеріндегі өзіндік кірістердің үлесі ұлғайып келеді немесе 2019 жылы 21 629,8 млн. теңгені (2,8%), 2020 жылы – 33 511,8 млн. теңгені (4,5%), 2021 жылы – 47 652,3 млн. теңгені (4,6%), 2022 жылы – 67 574,3 млн. теңгені (5,5%), 2023 жылы – 75 188,4 млн. теңге (6,0%), 01.04.2024 жылғы жағдай бойынша – 25 311,5 млн. теңгені (9,3%) құраған.

Сонымен қатар, кірістер мен республикалық бюджеттен түсетін трансферттер көлемін салыстырмалы талдау нәтижесі, табыстың негізгі үлесі

(90 пайыздан астам) әлі де Республикалық бюджеттен берілетін трансферттерге тиесілі екенін көрсетеді.

Жалпы, әлеуметтік-экономикалық дамуды қаржыландыруға жергілікті бюджетте қаражаттың жетіспеушілігі трансферттер есебінен толықтырылады.

Республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттерге тәуелділікті төмендету және бюджеттік түсімдерді арттыру мақсатында салық базасын және өзіндік кірістерді ұлғайту жөніндегі жұмыстарды жандандыру, бюджетке қосымша қаражаттың түсуін қамтамасыз ету, салық базасының барлық резервтерін іске қосу, шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдайлар жасау қажет.

2023 жылға арналған облыстық бюджеттің шығындар көлемі 1 152 445 591,0 мың теңгеге бекітіліп, жыл барысында 4 рет нақтыланған және 18-рет бюджетке түзету енгізіліп, жыл соңына 2023 жылдың 29 желтоқсанындағы №307 қаулысымен 1 240 228 895,4 мың теңге болып түзетілген.

Бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша бюджеттік қаржылар жыл бойы бірнеше рет ұлғайтылған немесе қысқартылған.

Сонымен қатар, 2023 жылы инвестициялық жобаларды іске асыруға жыл басында 213 999 461,0 мың теңге қаралып, жыл соңында 268 480 899,0 мың теңгені құраған немесе бюджет жыл басынан 1,25 есе ұлғайған.

Жалпы 755 (оның 611-і әлеуметтік нысандар, 21-і кредиттік тұрғын үй, 123-і жобалау-сметалық құжаттамалар) инвестициялық жобалар іске асыруға жоспарланған.

Есепті жылы бюджеттік инвестициялық жобалар бойынша қаржылар 72 814 205,0 мың теңгеге қысқартылған, оның ішінде бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне тәуелді емес себептермен 15 822 033,0 мың теңге, ал субъективті себептермен 56 992 172,0 мың теңге қысқартылған.

Жалпы, жүргізілген шығыстардың белгіленген күтілетін кезеңге қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес келетіндігін және бекітілген бюджеттік бағдарламалардың талдауы бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту Бюджеттік кодекстің талаптарына және бюджеттік бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту Қағидаларына сәйкес келетіндігін көрсетті.

Алайда, Басқарма қабылдаған шараларға қарамастан аудит бірқатар кемшіліктер мен бұзушылықтарды анықтады, атап айтқанда:

Аудит барысында 58 391 444,0 мың теңгеге облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің бюджеттік бағдарламаларын әзірлеу және бекіту кезінде бюджет жүйесінің нәтижелілік, негізділік, тиімділік, жауапкершілік қағидастарын сақталмағаны анықталды.

Сонымен қатар, 7 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар анықталды.

Жоғарыдағыны ескере келе, Басқарма мен облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне бюджеттік шығыстарды жоспарлау кезінде бюджеттік бағдарламалар шеңберінде тікелей және түпкілікті нәтижелерді негіздеуге баса назар аудару ұсынылады. Бұл бюджет шығыстарының негізділігін арттыруға және бюджеттік бағдарламалардың күтілетін нәтижелері мен қажетті ресурстар көлемі арасында өзара байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

**2. Көрсеткіш: «Арнайы көрсеткіш» - облыстың даму жоспарын іске асыру барысында мемлекеттік жоспарлау саласындағы заңнамада белгіленген қағидаттары мен ережелерін сақтау, сондай-ақ нысаналы индикаторлар көрсеткіштеріне қол жеткізуі.**

Осы көрсеткіш бойынша облыстың даму жоспарын іске асыру барысында мемлекеттік жоспарлау саласындағы заңнамада белгіленген қағидаттары мен ережелерін сақтау, сондай-ақ нысаналы индикаторлар көрсеткіштеріне қол жеткізуі бойынша талдау жүргізілген.

Облыстың дамуын, оның ерекшелігін ескере отырып, және мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес айқындайтын негізгі құжат облыстың Даму жоспары болып табылады.

Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспары облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 31 желтоқсандағы №55/576-VI шешімімен бекітіліп, оған 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №7/86-VIII шешімімен өзгерістер енгізілген.

Алайда, Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына Түркістан облысы әкімінің 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 305 қаулысымен түзетулер енгізіліп, 13 күнге кешіктіріп жүзеге асырылған.

Аудит нәтижелері бойынша келесі қорытындылар жасалған:

- Басқарма тарапынан облыстың дамуына ықпал ететін сыртқы және ішкі факторлардың тізбелері қалыптастырылмаған;

- құжаттың мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін ықтимал сыртқы тәуекелдер мен мән-жайларды есепке алынбаған, сондай-ақ олардың туындауының алдын алу үшін, туындаған жағдайда оларды еңсеру үшін не құжатты түзету үшін қабылдануы тиіс шараларды айқындалмаған;

- Түркістан облыстық мәслихатының 2023 жылғы 13 желтоқсандағы №7/86-VIII шешімімен Даму жоспарындағы 8 нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерінің сандық мәндері іске асыру мерзімі өткеннен кейін (2021-2022 жылдар) өзгертілген;

- жауапты облыстық басқармалар тарапынан қосымша енгізілген 4 нысаналы индикатор бойынша есептеу әдістемелері Басқармамен келісілмеген және бекітілмеген.

Сонымен қатар, жоғары тұрған мемлекеттік жоспарлау құжаттарында бар 2023 жылға арналған нысаналы индикаторларды декомпозициялау бойынша төмендегіні көрсетті:

- ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №728 қаулысымен бекітілген 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобадағы «Тұтынушылар топтары арасында электрмен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді саралаудағы айырмашылықты кезең-кезеңмен қысқарту және алып тастау» көрсеткіші Даму жоспарына қосылмаған;

- ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №731 қаулысымен бекітілген «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасындағы «Көлемі 1,7 км<sup>3</sup> қосымша су шоғырландыру» көрсеткіші облыстық Даму жоспарына қосылғанымен, 2023-2025 жылдар бойынша көрсеткішінің нәтиже мәндері көрсетілмеген;

- ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №731 қаулысымен бекітілген «Жасыл Қазақстан» ұлттық жобасындағы 1-көрсеткіш «Орман көмкерген аумақты ұлғайту/кеңейту, оның ішінде түрлер мен отырғызу өңірлері бөлінісінде нормативтік жерсінуді қамтамасыз ете отырып, 2 млрд. ағаш отырғызу есебінен» көрсеткіш облыстық Даму жоспарына қосылғанымен, 2023-2025 жылдар бойынша көрсеткішінің нәтиже мәндері төмендетілген.

Даму жоспарының нысаналы индикаторлары бойынша декомпозицияның болмауы, аудиттің пікірінше, болашақта Ұлттық жобалардың тиімді іске асырылуына әсер етуі мүмкін, өйткені Ұлттық жобалар стратегиялық құжаттар болып саналады, олардың басты мақсаты Қазақстан азаматтарының өмірі мен әл-ауқатын жақсарту болып табылады және «Қазақстан-2050» Стратегиясының және жалпы ұлттық басымдықтардың негізгі көрсеткіштерін бекітеді.

Жоғарыда көрсетілген кемшіліктерді қоспағанда, жалпы облыстың даму жоспары №93 бұйрығымен бекітілген Әдістемесінің талаптарына сәйкес келеді.

Даму жоспарының «Негізгі бағыттар, мақсаттар, нысаналы индикаторлар және оларға қол жеткізу жолдары» бөлімінде 3 бағыт, 14 мақсат, 130 нысаналы индикатор қарастырылған.

2023 жылдың қорытындысы бойынша 87 (66,9%) индикаторға қол жеткізілген, аудит жүргізу кезінде 30 (23,1%) индикатор бойынша статистикалық есептілік мерзімі келмеген немесе ведомстволық деректер жарияланбаған, 4 (3,1%) индикатор бойынша 2023 жылға жоспарлы мәні қарастырылмаған, 9 (6,9%) индикаторға қол жеткізілмеген.

2023 жылы жалпы сомасы 643,7 млрд. теңгеге 178 іс-шара іске асыру жоспарланған. 2023 жылдың қорытындысымен жоспарланған 178 іс-шараның 165 орындалған, 13 орындалмаған, оның ішінде 6 іс-шараның орындалуы өтпелі.

Іске асыру туралы есепті қалыптастыру кезінде Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын сақтамау фактілері анықталған. Атап айтқанда:

- №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің №14 қосымшасындағы Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарының іске асырылуы туралы есептерді толтыру жөніндегі түсіндірмелердің 7-тармағы 13) тармақшасының талабы сақталмай, «PISA тестінің нәтижесі бойынша мектепте білім беру сапасын бағалау (ЭЫДҰ есебі)» 89-индикатор бойынша «Орындалуы туралы ақпарат» деген 11-бағанда көрсеткіштердің нақты және



жоспарлы мәндерінің сәйкес келмеу себептері туралы қысқаша ақпарат берілмеген;

- Даму жоспары мен Даму жоспарын іске асыру туралы есеп бір-біріне сәйкес келмейтіні анықталған («Орман көмкерген аумақты ұлғайту/кеңейту, оның ішінде түрлер мен отырғызу өңірлері бөлінісінде нормативтік жерсінуді қамтамасыз ете отырып, 2 млрд. ағаш отырғызу есебінен» 62 көрсеткішінің 2023 жылға нәтиже мәні Даму жоспарында 20,3344 мың га болса, Даму жоспарын іске асыру туралы есепте 20,300 мың га болып көрсетілген);

- Даму жоспарын іске асыру туралы есеп №93 бұйрығымен бекітілген Әдістеменің 14-қосымшасына сәйкес толтырылмаған, немесе «Ақпарат көзі» бағанының орнына «Аяқтау нысаны» бағаны қосылған, «Орындауға жауапты» бағанында нысаналы индикаторлар бойынша облыс әкімінің орынбасарлары деңгейіндегі лауазымды адамдар қосымша көрсетілмеген.

Сонымен бірге, Даму жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары толық орындалуына, қаржы толық игерілуіне қарамастан, 7 индикатор бойынша жоспарлы мәндерге қол жеткізілген жоқ. Бұл іс-шаралар жоспары толық ойластырылмағанын, даму жоспарының мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған нақты іс-қимылдардың толық жиынтығын қамтымайтынын көрсетеді, немесе бұл облыстың даму жоспарының толық орындалмауына әкеледі.

Жоғарыдағыны ескере келе, Экономика басқармасының (Даму жоспары үйлестірушісі ретінде) бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен өзара іс-қимыл деңгейін күшейту ұсынылады.

Бұдан бөлек аудит, Үкімет деңгейінде жетілдірілген жаңа қазақ әліпбиі мен емле ережелері бекітілгенге дейін Даму жоспарынан «Латын графикалы әліпбиді пайдаланатын жазбаша коммуникацияға қатысушылардың үлесі» нысаналы индикаторын алып тастау, облысының білім басқармасын облыс мектептерінде оқыту деңгейін көтеруге қатысты нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу және МЖЖ заңнама нормаларын сәйкестендіру қажеттілігі туралы пікір білдірген.

Жүргізілген аудит, даму жоспарын іске асыру облыстың бірқатар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік бергенін және нысаналы индикаторлардың көпшілігі жоспарлы мәндерге қол жеткізгенін көрсетті.

Сонымен қатар, аудит жекелеген кемшіліктер мен бұзушылықтардың бар екендігін көрсетті, оларды жою даму жоспарын іске асырудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Облыстың даму жоспарын іске асыру барысында мемлекеттік жоспарлау саласындағы заңнамада белгіленген қағидаттары мен ережелерін сақтау, сондай-ақ нысаналы индикаторлар көрсеткіштеріне қол жеткізуі көрсеткіші бойынша 13 бірлікті құрайтын рәсімдік сипаттағы бұзушылықтар және 2 жүйелі кемшіліктер (*сәйкессіздігі, заңнаманың олқылықтары*) анықталды.

Жүргізілген аудит даму жоспарын іске асыру облыстың бірқатар әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік бергенін және

нысаналы индикаторлардың көпшілігі жоспарлы мәндерге қол жеткізгенін көрсетті.

**3. Көрсеткіш: «Мәнділік» - мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы.**

**«Арнайы көрсеткіш» - бюджеттік бағдарламалардың орындалу тиімділігі.**

Мекеменің мемлекеттік аудитпен қамтылған 2 бюджеттік бағдарламасы бойынша жоспарланған 688 339,0 мың теңгенің 688 337,8 мың теңгесі игеріліп, 1,2 мың теңгесі үнемделген. Жоспарланған көрсеткіштер толық орындалған.

Мекеменің 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларын әзірлеу және бекіту кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының» (бұдан әрі - Қағида) 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалып, тиісті ақпараттармен қамтылған.

258 001 «Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 бірлік рәсімдік бұзушылық анықталды.

Рәсімдік бұзушылықтар Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» қағиданың 2, 41 тармақтарының және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасының Біріңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» №403 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің құрылымының талаптарын сақталмауынан орын алған.

Аудитпен қамтылған мерзімінде аталған 2 бюджеттік бағдарламалар бойынша қаржы толық игерілуіне және қарастырылған көрсеткіштердің толық орындалуына байланысты тиімді деп бағалауға болады.

**3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар**

1. «Түркістан облысының 2023 жылдың бюджетін жоспарлаудың тиімділігі мен негізділігі және облыстың 2021-2025 жылдарға арналған Даму жоспарының іске асырылуын бағалау, сондай-ақ Түркістан облысының экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының жекелеген бюджеттік бағдарламаларын жоспарлау және атқару кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының сақталуы» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Түркістан облысы әкімдігі мен облыс мәслихаты аппараттарына аудиторлық қорытындыдан үзінді ақпараттар жолдансын.

3. Мемлекеттік аудит жүргізу барысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою және тәртіптік жауапкершіліктерін қарау үшін аудит объектісіне нұсқама жолдансын.

**1. «Түркістан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесіне:**

1) 2024 жылғы 17 маусымға дейін Қазақстан Республикасының бюджеттік және өзге де заңнама талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігі қаралсын.

**2. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараға жауапты мүшесі Н.Тағаев:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне тиісті нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстар жолдансын:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы №790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің 13-тарау, 159-тармағының орысша және қазақша нұсқаларын сәйкестендіру бойынша;

- Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 25 қазандағы №93 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық даму жоспарын, Елдің аумақтық даму жоспарын, тұжырымдамаларды, мемлекеттік органдардың даму жоспарларын, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың даму жоспарларын әзірлеу, мониторингтеу, іске асыру, бағалау және бақылау әдістемесінің 211 және 269-тармақтарында көрсетілген нормаларын бір-біріне сәйкестендіру бойынша.

**3.4. Қосымша:**

1) Аудиторлық іс-шара барысында анықталған жүйелі кемшіліктердің жиынтық кестесі;

2) Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі;

3) Басқарманың аудиторлық есепке қарсылығы жоқ екені туралы 04.05.2024 жылғы №18/711 санды хаты қоса тіркеледі.